



Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
West-Kazakhstan Innovative-technological University

БҚНТУ Хабаршысы

Вестник ЗКНТУ

Bulletin of WKITU



№4 (8) 2019

Орал / Уральск/ Uralsk

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ**

Ғылыми журнал

**ВЕСТНИК ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОГО ИННОВАЦИОННО-
ТЕХНОЛОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА**

Научный журнал

**BULLETIN OF WEST KAZAKHSTAN
INNOVATIVE TECHNOLOGICAL UNIVERSITY**

Scientific journal

Выпуск 4

Желтоқсан 2019
Декабрь 2019
December 2019

Журнал 2018 жылдан
шыға бастаған
Журнал издается с 2018 г.
The journal was founded in
2018

Жылына 4 рет шығады
Выходит 4 раза в год
Published 4 times a year

Қазақстан Республикасының ақпарат және коммуникация министрлігі

07.12.2017 ж. №16782-Ж куәлік

Мекеме: Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университет!

Журнал 2018 жылдың сәуір айынан бастап тоқсанға бір рет шығады

Бас редакторы:

Габдуалиева Р.С. - экономика ғылымдарының докторы, профессор

Редакция алқасы:

Бурахта В.А. - химия ғылымдарының докторы, профессор

Сабыр М.Б. - филология ғылымдарының докторы, профессор

Суханова И.Ф. - экономика ғылымдарының докторы, профессор, Вавилов Н.И. атындағы СМАУ

Ерназаров Ж.Т. - тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Қадырғалиев Н.М. - тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

Жумаев Ж.Ж. - экономика ғылымдарының кандидаты, профессор

Джумакаева Б.С. - химия ғылымдарының кандидаты, профессор

Капанов Х.Х. - философия ғылымдарының кандидаты, профессор

Доукариева У.К. - филология ғылымдарының кандидаты, профессор

Хайрушин Ж.К. - философия ғылымдарының кандидаты, профессор

Мансурова М.А. - экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

Уракчинцева Г.В. - биология ғылымдарының кандидаты, доцент

Байтлесова Л.И. - химия ғылымдарының кандидаты, доцент

Ихсанов К.А. - техника ғылымдарының кандидаты, доцент

Осипов Н.И. - тарих ғылымдарының кандидаты, ғылыми қызметкер

Султан гужиева А.Ж. - экономика ғылымдарының кандидаты

Машанова С.А. - экономика магистрі

Тулеева А.М. - қазақ тілі мен әдебиеті магистрі

Курманова Ж.Б. - мәдениеттану магистрі

ТАРИХИ – ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ РӨЛІ ЖӘНЕ ОНЫ ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ БАҒЫТТАРЫ

ҚАЖЫҒАЛИ ЖҰМАЛИЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Рысбеков Т. З

(Қазақстан, Орал)

Артына өлмейтұғын сөз, өшпейтұғын ісін қалдырған, көрнекті ғалым, ақын, жазушы, аса көрнекті теоретик Қажым Жұмалиев 1907 жылы Орал облысы, Қаратөбе ауданы, Аққозы ауылына қарасты «Жалғыз ағаш» деген жерде дүниеге келген. Қажымның (шын аты Қажығали) әкесі Жұмалы да, шешесі Жауқасын да хат танымайтын орта шаруалы адамдар екен.

Жұмалыда Ақмұқан, Балмұқан, Қайырмақан, Қажығали атты төрт ұлы, Зылиха, Қалау атты екі қызы болады. Ақмұқан мен Балмұқан жасында мұсылманша оқып хат таныған, қисса жырларды көп білген адамдар екен. Ал Қайырмақан болса, өлең-жырмен шаруасы жоқ шаруаның ғана адамы болыпты.

Он екі жасында әке мен шешеден бірдей жетім қалған Қажығали аға-жеңгелерінің қолында тәрбиеленеді. Шешесінің сүт кенжесі болып бұлаулау өскен Қажығали жас кезінен бастап-ақ ән мен жырға әуес болып, жиын тойда «өлеңші бала» атанып кетеді [1, 3-б.].

Ол ауыл мектебінде сауат ашып, ендігі оқуды Орынборда жалғастыруды армандайды. Сол кезеңдегі Қазақстанның астанасына бару, сонда оқу-білім іздеген жастың көбінің-ақ нысанасы болатын. Алайда Жұмалы үйінің шағын шаруашылығы баланың қаражатын көтере алмайды да, оны түсінген Қажым әкесіне салмақ салмай, өз бетінше ізденіп оқу үшін үйінен қашып кетеді. Орынборда әрі пана таппай не оқуға түсе алмай жүрген баланы Сейітқали Меңдешев (сол кездегі Қазақстан Атқару комитетінің төрағасы) ересектер мектебіне орналастырған [2].

Ол туралы Қажекеннің өзі: «Сөйтіп, менің өмірімнің келешегі мейлінше қайырымды, төтенше кішіпейіл абзал адамның мейірбандығы арқасында екі сағаттың ішінде шешілді де, оқуға есік ашылып, барлық азап бір сәтте ұмытылды», - дейді [1, 5-б.].

Қажығали «ересектер мектебін» бітіргеннен кейін 1925 жылы Шымкенттің ауылшаруашылық техникумына түсіп, онда 1929 жылы Алматыға келіп, қазіргі Абай атындағы педагогика институтының тіл мен әдебиет факультетіне оқуға түседі де, оны 1932 жылы ойдағыдай бітіріп шығады. Қажым Жұмалиев институтта орыс әдебиеті мен әдебиет теориясынан профессор Н.Н. Фатовтың, түрік тілі мен әдебиетіне профессор А. Соколовтың, тарихтан профессор С.Ж. Аспендияров пен академик Е.В. Тарленің лекцияларын тыңдап, аты одаққа белгілі үлкен ғалымдардан дәріс алады.

Қажымның әдебиетші, ғалым есебіндегі шығармашылық жолы ХХ ғасырдың басынан-ақ оянуға беттеп, 20-30 жылдары рухани өсудің жолына түскен халқымыздың өнер-білімге ұмтылысының айқын көрінісі сияқты. Қоғамдық саяси өмірдің ауыртпашылықтарына қарамастан, бұл дәуір қазақтың рухани ой пікірінің дамуына кең жол ашты. Қазақ әдебиеті мен ғылымының, өнерінің даңқын әлемге көтерген А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, М. Әуезов, Қ. Қуанышбаев, Қ. Байсейітова, С. Қожамқұлов, Қ. Жандарбеков, Қ.Сәтбаев, С. Аспендияров, Ә. Марғұлан, т.б. көптеген таланттар-осы бір халықтың рухани жаңарудың түлектері. Халық бойындағы ізденімпаздық дарын толқыны мезгіл-мезгіл жаңа ұрпақтың өкілдерін теңіздің бетіне шығарып отырды. Қажым үлкен ағаларына ілесе шыққан, олардың жылы алақанын көрген екінші толқының түлегі еді.

Қажым Жұмалиевтің өмірі мен творчестволық қолтаңбалық және өлең жолын баяндағанда оның ғалымдық, жазушылық және ұстаздық қызметтерін қарағанның өзі орынды деп санаймыз.

Қажым Жұмалиев кәсіби тарихшы болмағанымен тарихты жетік білген деген тұжырым жасауға болады. Өйткені қазақ эпостары мен тарихи жырларын зерттегенде ғылымның бұл саласын, яғни тарихты білу қажет қана емес міндет еді.

Сонымен профессор Қажым Жұмалиевтің қазақ эпосы, лиро-эпосы, тарихи жырлары туралы зерттеулерін оқи отырып, оның зерттеулерінің төменгідей өзіндік ерекшеліктерін байқауға болады.

Біріншіден: ғалым өзінің алған объектісін үнемі салыстыру әдісімен зерттейді. Ол салыстыру әдісін Қажым Жұмалиев зерттеген «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қамбар» сияқты батырлар жырларынан да, «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу», «Айман-Шолпан» сияқты лиро-эпикалық жырларды талдауларынан да айқын көруге болады. Бірақ Қ. Жұмалиев пайдаланған салыстыра зерттеу әдісінің өзіндік бір өзгешілігі бар. Ол салыстыра зерттеу әдісінің үш түрін пайдаланушылық: а) қазақ эпостарын басқа ел эпостарымен салыстыру; ә) бір эпостың әр түрлі варианттарын бір-бірімен салыстыра қарастыру; б) қазақ эпостарының қай-қайсысын болсын сол дәуірдегі тарихи уақиғалармен байланыстыра зерттеу. Көбіне Қ. Жұмалиев зерттеулерінде осы үш тәсіл бірлікте, жігі білінбей жымдасып жатады.

Екіншіден: Қажым Жұмалиев өзінен бұрынғы айтылып кеткен пікірлерді қайталап жатпай, үнемі тың пікірлер айтуға тырысып отырады. Ол үшін батырлар жырын да, лиро-эпикалық және тарихи поэмаларды талдағанда да ол жырларды басқа зерттеушілердей тұтас алып жалпы пікір айтпай, жеке-жеке образдарға орай саралап, үнемі сол жырлардың көркемдік ерекшелігі мен композициялық құрылысына тоқталып, оларды нақтылы мысалдармен дәлелдеп отырады.

Үшіншіден: Қажым Жұмалиев қандай эпостық шығарманы алмасын, сол шығарманың басқа шығармалардан өзіндік өзгешілігін тап басып, сол ерекшелік туралы теориялық тың пікірлер айтады. Мысалы: ғалым «Ер Тарғын» жырын талдау кезінде «Психологиялық параллелизм» туралы сөз етсе, «Қыз Жібек» жырын талдау кезінде «дамыту» мен «элипсис» туралы, ал «Қамбар батыр» жырын талдау кезінде «символ» арнайы теориялық түсініктер беріп, мысалдар келтіреді. Әрине, мұндай зерттеулер үлкен білгірлікті талап етеді. Қ. Жұмалиевтің қай зерттеуін алсаңыз да үнемі осындай теориялық пікірлермен үштасып жатады [1, 91-98-б.].

Қажым Жұмалиевтің қазақ эпостарынан кейінгі өндіре зерттеп, өнімді пікір айтқан саласы - қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. Ол - Бұхар жырау Қалқаманұлы мен жауынгер ақын Махамбет творчествосынан бастап, XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген Шәңгерей Бөкеевке дейінгі ақындар творчествосына терең талдау жасаған ғалым. Әсіресе ғалымның молырақ зеттегені қазақ халқының жауынгер ақыны Махамбет пен қазақтың классик ақыны Абай Құнанбаев творчестволары. Бұл туралы Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ә. Дербісәлин «Қ. Жұмалиевтің ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек еткен негізгі саласы - қазақ әдебиетінің XVIII-XIX ғасырлардағы тарихы. Бұрын жазу мәдениеті онша өріс алмаған жерде әдебиеттің өзі туралы да, әсіресе оның тарихы туралы жаңадан ғылыми жүйелі ой айту қиын міндет. Сол қиындығына қарамастан әдебиетті зерттеуші ғалымдарымыз әдебиет тарихының бір жарым ғасырлық жүйелі тарихын жасады (XVIII ғасырдың соңғы ширегінен XX ғасырға дейін). Бұл жүйе ғылымда бүгінге дейін өзінің мәні мен маңызын сақтап келеді. Мұнда Қ. Жұмалиевтің еңбегі өзгеше салмақты». [3]

Қажым Жұмалиевтің ұзақ жылдар бойы үзбей зерттеген үлкен бір тақырыбы - 1837 жылғы шаруалар көтерілісінің жалынды жыршысы Махамбет Өтемісұлының творчествосы. Ол зерттеулері «Махамбет көтерілісі және Махамбет поэзиясы туралы» («Қазақ әдебиеті», 1938. 23 февраль), «Махамбет поэзиясы туралы» («Әдебиет майданы», 1938. №4) атты алғашқы мақалалардан басталып, соңғы жылдары қазақ

әдебиеті тарихына енген үлкен ғылыми еңбектерге ұласқан. Алайда, Қажекен Махамбет творчествосы толық зерттеліп болды дегенге ауыз бармайды дегенді айтатын. Өйткені ізденімпаз ғалымның Махамбет творчествосы туралы әлі де айтатыны көп еді.

Қ. Жұмалиев Махамбет творчествосын сол кездегі тарихи жағдаймен тығыз байланыстыра отырып зерттеді. Ол үшін сол көтерілістің шығу тарихына байланысты ел аузынан және архивтен біраз материалдар жинады. Сол материалдарын жинақтай келіп, Махамбеттің жан-жақты зерттелген творчестволық биографиясын жасады. Сондай-ақ ғалым Махамбет творчествосын 1837 жылғы шаруалар көтерілісінің алдына қойған мақсатымен тығыз байланыстыра отырып қарастырды.

Отандық тарихымызда ұлт-азаттық қозғалыстар мен тәуелсіздік үшін тартысты күрестер ерекше орын алды. Мұны біз егемендік алған сәттен бастап бағалай, ғылыми тұрғыдан негіздей алдық. Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен осынау ұланғайыр атырап үшін күресіп, қанын төккен ата-бабаларымызға тағзым ету қасиетті парызы!

Қазақстанның Ресейге қосылу процесі барысында әскери бекіністермен қоршалып, патша ағзамға бағындырылған қазақ қоғамында феодалдандыру күшейді. Феодалдық отарлық езгінің шұғыл күшеюі, ауылдық-қауымдық жерді аксүйектердің озбырлықпен жаппай тартып алуы шаруашылық өмірдің құлдырауына, ауылдық ұжымдардың экономикалық әлеуетінің әлсіреуіне, күйзеліске ұшыраған және кедейленген шаруашылықтар санының артуына, халық арасында сенімсіздіктің өсуіне, хан өкіметі беделінің шұғыл төмендеуіне алып келді.

Кіші жүздегі ұлт-азаттық көтеріліс феодалдық езгіге қарсы бағытымен ерекшеленеді. Бұл кезде патша үкіметінің отарлаушылық саясаты да айқын сипаттала бастады. Ресей әкімшілік жүйесін алдымен Қазақстанның солтүстік-шығыс аудандарында, содан кейін Кіші Ордада енгізудің алғашқы қадамы «1822 жылғы Сібір қырғыздары туралы жарғы» болды. Округтер мен округтік приказдардың құрылуы, Орынбор өлкесінде аралық басқару жүйесі мен арнайы шекаралық комиссиялардың енгізілуі патша әкімшілігіне қазақ руларының жерін иемденуге толық жағдай жасауға тиісті болды. Ресейдің саяси ықпалын күшейту және дәстүрлі қазақ қоныстарын экпроприациялауға (яғни, бір топтың жеке меншігінен, бұрынғы әлеуметтік артықшылығынан айырылуы) қарсы наразылықты басу үшін біршама орыс бекіністері салынды. Жері жоқ, бишара халге түскен көшпелі бұқара орыс отаршылары тартып алған жайылым жерге малын жайғаны үшін салық төлеуге мәжбүр болды. Жайық өзенінің бойындағы жерлер Орал казактарына берілді. Қазақ кедейлеріне тұзды көлдерден тұз алуға, қамыс шабуға тыйым салынды. Бұларға қоса хан жыл сайын көшпелілерден ақшалай алым алып отырды. Осы қысымшылықтың барлығы қазақ шаруаларының көтерілісін дайындады. Көтерілістің ұшы, бір жағынан, патриархалдық-феодалдық топтарға, екінші жағынан, патша өкіметіне қарсы бағытталды.

Біз Қажым Жұмалиевтің Қазақстан тарихына зер сала үңілгенін оның эпостар мен тарихи жырлардың болмаса Махамбет творчествасын зерттегенінен ғана емес, сонымен қатар ғалымның жеке архивінен табылған құжаттарға қарап қорытындылаймыз. Бұл арада әңгіме арқауы болып отырған – Қажымның жеке қорында сақталған Маңғыстау приставы басқармасының 1870 жылғы Маңғыстау адайларының көтерілісі жөніндегі құнды құжаты. Құжат 129 беттен тұрады. Тап-тұйнақтай етіліп машинаға басылған. Құжаттар мамыр – 21 қазан аралығында шайқастарда қолға түскен тұтқындардың жауаптары жазылған. Қ.Жұмалиев жеке қорындағы құжаттардың туындауына еліміздің тарихындағы мына жағдайлар себепші болған еді.

Қазақ даласында Ресей империясының қоластындағы бодандық кезеңде 300-ге жуық ірілі-ұсақты көтерілістер болған. Олардың болу себептерінің кейбіреуін жоғарыда атап кеттік.

Патшалық Ресей Қазақстанды жартылай өз еркімен, жартылай күштеп бағындырғаннан кейінгі кезеңде қазақ даласында біркелкі басқару жүйесін енгізуді бастады. Осы мақсатпен 1867-1868 жылдардағы әкімшілік реформасы енгізілді. Ол

бойынша қазақ даласы үш генерал-губернаторлыққа: Түркістан, Орынбор және Батыс Сібір бөлінді. Әскери және азаматтық өкімет билігі Генерал-губернатор қолына көшті. Генерал-губернаторлық өз кезінде облыстарға бөлінді. Мәселен, Орал және Торғай облыстары Орынбор генерал-губернаторлығына, Ақмола мен Семей Батыс Сібір, ал Жетісу мен Сырдария Түркістан генерал-губернаторлығына кірді. Бөкей хандығы 1872 жылы Астрахан губерниясына, ал Маңғыстау приставтығы 1870 жылы Қапқаз әскери округіне, кейінірек Закаспий облысының құрамына кірді. Облыс басында әскери губернатор отырды. [4]

Уездер территориялық принциппен жасақталған болыстықтарға, ал олар 100-200 шаңырақтан құралған ауылдарға бөлінді.

Салықтың алуан түрлері орын алды. Шаруалар ауылдық-болыстық әкімшіліктің ауыртпалығын көтерді. Көпірлерді, байланыс жолдарын жөндеу әскери бөлімдерді көлікпен қамтамасыз ету т.б. көптеген ауыртпалықтарды атқарды. Кедейлер салықтардан «Ереже» бойынша босатылуға тиісті болғанымен іс жүзінде ол іске асырылмады.

Қысқасы 1867-1868 жж. «Ереже» отарлаушы өкіметтің органдарын, феодалдық-патриархалдық басшылар мен байлардың жағдайын нығайтты.

Осы уақытша жағдайлар Маңғыстауда 1870 жылы енгізілген болатын. Ашығын айтқанда, патша үкіметі бұл ережені бұл аймақта кешіктіріп енгізу себебі адайлардан қорықты.

Толқудың басты себептерінің бірі – адайларға жайлаумен пайдалануға тиым салуы еді.

Көтерілістің басталуы пристав Рукиннің 1869 жылы қараша айынан бастаған әрекеттерімен байланысты еді. Ол – салық төлеу, оны шұғыл жинаумен байланысты. Алайда, адайлар салық төлеуден бас тартады. 1870 жылы 2 ақпаннан бастап, Маңғыстау приставтығы Орынбор генерал-губернаторлығынан Қапқаз наместниктігіне беріледі. 1869 жылы генерал-губернатор Н.А. Крыжановский басқарған Ерекше комитет құрылады. Пристав Рукин адайлардың Уақытша Ережені қабылдауын талап етеді. Егер олай болмаған жағдайда адайлардың жайлауға өтуіне тиым салатынын айтады және адайлардың көшуін күшпен тоқтатуға бет алады. Бұл жағдай көтерілістің басталуына шартты белгі болды. Бозашыдағы көтерілісшілер саны 200 адам болды. Оларды Досан Тажиев басқарды. Құжатта былай көрсетілген: тұтқындалушы Алексей Белуниннің айтуынша Ақтау тауының түбінде казактар қоршауда қалып, берілуге, қолға түсіп қалу қаупінен қорыққан Рукин өзін-өзі атуға мәжбүр болды. Осы арада көтерілісшілердің көсемдерінің бірі Б.Маяев қайтыс болды. Бұл жағдайлар халықтың қозғалыстың кең етек жаюына себепші болды. [4, 421-424 б.]

Сәуір айының басында көтерілісшілер Александров фортына, Николаев станциясына, Төменгі бекіністерге шабуыл жасап, өртеді. Үрейленген патша үкіметі Қапқаздан граф Кутайсов басқарған әскерді жібереді. Дей тұрғанмен найза, арқан, таяқтармен қаруланған көтерілісшілер Кутайсов отрядын фортта бекінуге мәжбүр етті.

Алайда, мамыр айының аяғына қарай Маңғыстауға 7 рота жаяу, 6 жүз атты әскер, 4 зеңбірікпен қаруланған екі взвод алып келінді.

Көтерілісшілер Үстіртке шегінуге мәжбүр болды. Көтерілісшілердің саны 10 мыңға дейін жетті. Оған басшылық еткендер қатарында бақташы Досан Тажиев, старшын Иса Тленбаев, ағайынды Ержан және Ермамбет Құловтар, Алға Жалмағамбетовтер болды. Көтеріліске қатысушылардың басым бөлігі малшылар, балықшы жатақтар, кедейлер болды.

Көтерілісшілер жеңіліс тапты. Қапқаз әкімшілігі 9 мың киіз үйден 57901 сом құрайтын киіз үй (шаңырақ) салығын жинап алды. Адайларға сонымен қатар 90 мың бас қой мөлшерінде контрибуция салынды.

Әрине, осы көтеріліске байланысты өзінің жеке қорында сақтаған құжаттарды қандай мәселелерге байланысты пайдаланды, ғылыми айналымға енгізді ме деген сұрақтарға тиянақты жауап беру қиын.

Тарихқа Қажым Жұмалиевтің бей-жай қарамайтындығының тағы да бір көрінісі – оның тарихи тұлғалар жөнінде зерттеулер жүргізгенінен байқауға болады. Ол – Сейтқали Меңдешев, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Санжар Аспендияров, Сәкен Сейфуллин, Қаныш Сәтбаев, Сағыр Камалов жөнінде қызықты тарихи портреттер жасайды.

Қажым Жұмалиев қандай жағдайда да қарапайым, адамдық қалпын бұзған жоқ. Ол даңқы үлкен бола тұрып, даңққұмар емес-ті. Бұл – оның үлкен адамгершілігінің, қарапайымдылығының белгісі болатын. Қажымның шығармашылық еңбегі де, өмір жолы да тақтайдай тегіс жолмен өткен жоқ. Ол қиын заманда күрделі, ауыр өмір кешті. Туған халқының әдебиеттік мұрасын жетік білген, оны қызғыштай қорғап, ғылым игілігіне айналдырған адамға ұлтшылдық айып та тағылмай қалмады. 40-50-жылдардағы Қазақстан тарихын бағалауда жіберілген «қателер» оны айналып өтпеді. «Орысқа қарсы ақындарды», «ескішіл-феодалдық» әдебиетті насихаттап зерттегені үшін партиядан шығарылып, жұмыстан қуылып, жер ауды. Мұның барлығы оның денсаулығын әлсіретіп, өмірін азайтты. Өзі ұйымдастыруға қатысқан академияның корреспонденті мүшесі болып ұзақ жүріп қалуына себепкер болды. Ол тек 1966 жылы ғана, академияның 20 жылдығы тұсында академик болып сайланды. Бірақ одан кейін ұзақ жүре алмады. [5, б. 389.]

Қаншама қысымшылық, қуғын көрсе де Қажым әдебиетке, ғылымға деген адалдығын сақтады. Оның достары, замандастары, шәкірттері әрдайым оның осы қасиеттерін ардақ тұтады. Ғылым мен әдебиет тарихының әрбір кезеңді тұстарында туған халқының абыройы мен атағын көтерген жайсаң жандардың қатарында Қажым тұратын болады.

Әдебиеттер

1. Атымұв М. Қажым Жұмалиев (өмірі мен творчестволық қызметі). – Алматы. 1987
2. Қирабаев С. Академик Қажым Әұмалиев // Егемен Қазақстан. -1996, 18 қазан.
3. Дербісалин. Даңғыл ғалым // Социалистік Қазақстан. – 1977, 25 желтоқсан.
4. Қазақстан тарихы, көне заманнан бүгінге дейін, 5 томдық, Т.3. – Алматы: Атамұра. – 2010.
5. Рысбеков Т.З. Тұғыры биік тұлға / Тарихи тұлғалар: уақыт және өмір жолдары. – Зерттеу. – Алматы: Абзал-ай. -2014. -528 б.

ИНТЕНСИФИЦИРОВАТЬ ИЗУЧЕНИЯ НОВЕЙШЕЙ ИСТОРИИ УЗБЕКИСТАНА И КАРАКАЛПАКСТАНА

Аметов Т.А.

(Каракалпақстан г.Нукус)

За годы независимости в нашей стране осуществлена масштабная работа в деле изучения исторического прошлого узбекского народа, внесшего огромный вклад в развитие мировой цивилизации и имеющего великое историко-культурное наследие. История стала иметь существенное значение в деле укрепления национального самосознания, межнационального согласия и религиозной толерантности, сохранения всеобщей стабильности.

Известно, что в соответствии с постановлением Президента Республики Узбекистан от 17 февраля 2017 года №ПП- 2789 «О мерах по дальнейшему совершен-

ствованию деятельности Академии наук Республики Узбекистан, организации, управления и финансирования научно-исследовательской деятельности» целый ряд научно-исследовательских учреждений был переведен в систему Академии наук РУз. В их числе – и Институт истории РУз, ставший вновь академическим институтом, призванным стать локомотивом развития исторической науки и исторического образования на всех его уровнях. И как логическое продолжение предпринимаемых системных шагов преобразование Общественного совета по новейшей истории Узбекистана при Министерстве высшего и среднего специального образования в Общественный совет по новейшей истории Узбекистана при Академии наук Республики Узбекистан, а также передача Координационно-методического центра по вопросам новейшей истории Узбекистана при Министерстве высшего и среднего специального образования в ведение Академии наук РУз.

В целях повышения эффективности работ по координации деятельности научных, культурных, образовательных, общественных учреждений и организаций по изучению и преподаванию, подготовке и изданию научной, научно-популярной, учебно-методической, просветительской литературы по новейшей истории становления и развития национальной государственности Узбекистана, укреплению и развитию механизмов интеграции науки и образования, и другими общественными отраслями, формированию у молодежи, в первую очередь учащихся общеобразовательных школ, профессиональных колледжей, академических лицеев и высших образовательных заведений, глубоких знаний об истории страны принято Постановление Президента Республики Узбекистан «Об организации деятельности Общественного совета по новейшей истории Узбекистана при Академии наук Республики Узбекистан».

Постановлением определены следующие основные задачи Общественного совета по новейшей истории Узбекистана и Каракалпакстана в числе которых:

глубокое изучение и раскрытие сути и содержания «узбекской модели» формирования демократического правового государства и гражданского общества, масштабных работ по сохранению стабильности, межнационального согласия и религиозной толерантности в обществе, роли и места Узбекистана в современном мире;

координация работ по организации системного изучения новейшей истории Узбекистана и Каракалпакстана, основанного на современных теоретико-методологических подходах и междисциплинарности, принципах историзма и объективности, разработке актуальных проблем по изучению новейшей истории Узбекистана, а также недопущение односторонних подходов, догматизма в оценке исторического прошлого и настоящего узбекского народа, имеющего великое историко-культурное наследие и внесшего огромный вклад в развитие мировой цивилизации;

координация работ по подготовке и изданию научной, учебной, учебно-методической литературы нового поколения, обеспечив рассмотрение в них новейшей истории Узбекистана в неразрывной связи с общемировыми и региональными процессами, а также историко-культурным наследием цивилизаций народов и государств, сформировавшихся на территории современного Узбекистана;

выработка и реализация предложений по улучшению качества научно-исследовательской, учебно-методической работы в этой сфере;

оказание содействия в повышении эффективности духовно-просветительской работы, в том числе в средствах массовой информации, направленной на формирование у граждан исторической памяти, национального самосознания, высокой духовности, уважения к историческим традициям, культурному наследию народа, понимания непреходящего исторического значения обретения страной независимости;

реализация системных мер, направленных на изучение современной зарубежной научной и учебной литературы по истории Узбекистана, доведение до широкой международной общественности объективной информации об историческом прошлом,

социально-экономическом и общественно-политическом развитии современного Узбекистана, о проводимых в стране демократических реформах.

Особое внимание в постановлении уделено укреплению и развитию интеграции общественно-гуманитарных наук с образованием.

Также, закреплено участие Общественного совета в разработке квалификационных требований по направлению образования «История» и соответствующих специальностей магистратуры.

Рабочим органом Общественного совета определен Центр по вопросам новейшей истории Узбекистана, основными задачами которого определены научно-методическое обеспечение деятельности Общественного совета, разработка актуальных проблем по изучению новейшей истории Узбекистана, участие в проведении конкурсов на создание учебной, учебно-методической литературы по новейшей истории Узбекистана и Каракалпакстана совместно с Министерством народного образования, Министерством высшего и среднего специального образования Республики Узбекистан, выработка предложений для включения в перечень задач конкурсов научно-технических проектов по исследованиям новейшей истории Узбекистана и Каракалпакстана в рамках государственных научно-технических программ и внесение их на рассмотрение в Агентство по науке и технологиям Республики Узбекистан, проведение исследований по совершенствованию теоретико-методологических основ по изучению новейшей истории Узбекистана и Каракалпакстана, ежегодная разработка в установленном порядке перечня международных и республиканских конференций и семинаров по актуальным вопросам новейшей истории Узбекистана и Каракалпакстана.

Данное постановление является правовой основой широкомасштабных мер по повышению эффективности духовно-просветительских работ, направленных на усиление интеграции науки и образования, укрепление интеллектуального потенциала страны, улучшение материально-технической базы научно-исследовательских учреждений, а также формирование у молодого поколения исторической памяти, национального самосознания, высокой духовности, уважения к историческим традициям, культурному наследию нашего народа, осознания великого исторического значения достижения нашей страной независимости.

Источниками исследования стали фундаментальные труды, докторские и кандидатские диссертации, научные монографии, книги, статьи из научных журналов, материалы научно-теоретических и практических конференций и семинаров по проблемам истории, философии, культуры, материалы сессии Жокаргы Кенеса Республики Каракалпакстан а также, отчеты министерств и ведомств.

В кругу опубликованных источников можно выделить группу, включающую книги, статьи, газетные материалы в которых так или иначе отражен период независимости Узбекистана. Сюда же к разряду опубликованных источников можно отнести и обширный круг публицистики и материалы местной печати.

Примечательно, этот исторический процесс отражен в фундаментальных трудах «Ўзбекистоннинг янги тарихи». – Тошкент, 2000. – Т. III., «Қарақалпақстанның жаңа тарийхы. Қарақалпақстан ХІХ эсирдиң екінші ярымынан ХХІ эсирге шекем». - Нөкіс: Қарақалпақстан, 2003¹.

Вышеуказанные фундаментальные труды, написанные коллективом ученых, раскрыли общие черты и особенности формирования демократических институтов в Республике Каракалпакстан.

Вопросы сегодня заключается не в том, что историкам не хватает эмпирического материала, хотя, конечно, академическое сообщество приветствовало, приветствует и будет приветствовать расширение источниковой базы. Вопрос, в большей степени, связан с аналитическими возможностями самой исторической науки. История во

взаимодействии с другими социальными и гуманитарными науками способна дать объективную историю общественно-политического развития Республики Каракалпакстан в период независимости. Тема остается востребованной как в современной историографии, так и в политологии. Происходит процесс углубления анализа, расширения предмета исследования. Однако как всякий процесс познания он не только увеличивает число решенных проблем, но и постоянно расширяет область неизвестного. Сфера исследования истории общественно-политического развития Республики Каракалпакстан сегодня сопоставима с изучением кардинальных социальных и гуманитарных проблем, без понимания которых нельзя дать ответ на внешне достаточно простые вопросы современной истории. Именно готовность и умение академического сообщества ставить все более сложные вопросы и искать на них адекватные сегодняшнему уровню науки ответы составляет основу процесса познания прошлого. Многие вопросы, на которые сегодня выходят историки, относятся к категории вечных вопросов. Ответом на них может быть только постоянно углубляющийся, вечный процесс познания.

Если иметь в виду, то что в процессе организации научного процесса диссертационные исследования являются показателем развития научных знаний в годы независимости в защищенных диссертациях за 1991-2012 гг. нашли отражение сбор и развития научных знаний, касающиеся новейшей истории Узбекистана и Каракалпакстана. Тем не менее, работа производит впечатление цельного, выдержанного в академических традициях издания. Во многом это заслуга исследователей, работавших над освещением в монографии различных проблем периода новой истории. Таким образом, был подведен определенный итог развития исторической науки Каракалпакстана. В книге получили освещение многие концептуальные вопросы новой истории Каракалпакстана. Был проведен глубокий исторический анализ ключевых проблем отечественной истории второй половины XIX – нач. XXI вв. Это помогло выверить исходные идейно-методологические позиции, продемонстрировать виртуозное владение историографическими концепциями и фактологическим материалом, дать оценку качеству и глубине осмысления отечественной истории на этапе провозглашения суверенитета республики.

В 1994-2012 годах функционировал Специализированный Совет по защите кандидатских диссертаций при Институте истории, археологии и этнографии Каракалпакского отделения Академии наук Республики Узбекистан. Были защищены 55 кандидатских диссертаций, из них 15 кандидатских диссертации содержат фактические данные по новейшей истории. Молодые ученые попытались сравнить советскую историю и период независимости.

Тесное взаимодействие и взаимопроникновение разных хозяйственно-культурных комплексов оказывали значительное влияние на процессы генезиса и эволюции этноязыковой ситуации и своеобразной культуры в регионе. Ученые, называя данный регион как «узел этногенетических процессов», сегодня рассматривают его как этнокультурную область, имеющую общие и схожие закономерности культурного процесса. И в то же время регион остается неотделимой частью независимого Узбекистана.

Имеющийся колорит в духовной и материальной культуре народов Хорезма и Каракалпакстана, сохраненный и переданный людьми из поколения в поколение, постепенно приобретал некие новые формы, становясь богатством единого народа

Годы независимости и суверенитета обусловили всплеск неподдельного интереса народа к своей истории. Принимая во внимание подлинную ценность каждого периода отечественной истории, можно констатировать, что мощный поток интереса концентрируется именно в период новейшей истории. Феномен народного сознания цепко хранит в памяти имена и события именно этой эпохи, по которой отложились

большие массивы неплохо сохранившихся и ещё ждущих своих исследователей архивных материалов, размещённых в архивохранилищах Каракалпакстана, ближнего и дальнего зарубежья.

На современном этапе перед историками нового времени открывается богатое поле деятельности по раскрытию и освещению самых разнообразных проявлений жизни нашего общества. Поэтому на повестке дня стоит вопрос о продолжении активной деятельности по поиску, выявлению и введению в научный оборот новых научных данных, относящихся к новейшей истории Каракалпакстана.

В данном случае нужна поддержка исследовательских инициатив со стороны государственных учреждений, направленных на полное обеспечение коллектива ученых вузов и научно-исследовательских институтов всеми необходимыми ресурсами для работы на соответствующем современном научным запросам уровне.

Нужно вести огромную работу по разработке и освоению методологических инноваций и теоретико-концептуального инструментария, выступать инициаторами проведения научных конференций и «круглых столов». Новейшая история Узбекистана и Каракалпакстана – сравнительно новое направление в исторической науке. В силу этого она еще не имеет законченного институционального характера, т. е. не выделена в полностью самостоятельную научную дисциплину со своей методологией и учебно-методическим обеспечением. Этот пробел важно устранить в кратчайшие сроки. Новейшая история, с одной стороны, является историей обретения независимости и строительства нового государства. Поэтому ее точка отсчета – период распада советской системы и вызванный этим серьезный геополитический кризис. С другой стороны, новейшая история совпадает с новым этапом в развитии всего человечества, когда на наших глазах формируется принципиально новый миропорядок.

Нам необходимо обозначить приоритеты работы на ближайший период. Это расширение тематического поля исследований по вопросам новейшей истории. Предстоит сделать прорыв в проведении междисциплинарных исследований, радикально обновить исследовательский инструментарий и методы работы: смело использовать возможности исторического моделирования и прогнозирования.

Интернет – инструмент интеграции исторической науки в информационное пространство нового тысячелетия. Во всемирной сети размещен официальные веб-сайты вузов Каракалпакстана и Каракалпакский научно-исследовательский институт гуманитарных наук Каракалпакского отделения Академии наук Республики Узбекистан. Нужна компьютерная обработка исторических источников, чтобы создать базу данных и ввести в действие виртуальную историческую библиотеку.

Проведение в Нукусе республиканских и международных конференций историков, служило важным подспорьем в дальнейшем совершенствовании методов и теоретического инструментария исторических исследований. Общеизвестно общность многих научных проблем для историков региона, требующих выработки общих подходов для их решения.

Новейшая история Узбекистана как история суверенного государства совпадает с новым этапом в развитии истории всего человечества, когда мы все входим в новую эпоху и на наших глазах формируется принципиально новый миропорядок. И новейшая история Узбекистана как неотъемлемая часть этой новейшей истории человечества, тесно переплетена с глобальными событиями современности.

За годы независимости развития историографии новейшая история выступает как научная дисциплина. Разрабатываются понятие и особенности новейшей истории: содержание, отличительные черты и основные подходы. Важное значение имеют новые оценки и акценты в восприятии исторического прошлого, обозначенные первым Президентом Республики Узбекистан Исламом Каримовым. Вышесказанное предопределяют роль новейшей истории в жизни современного Узбекистана и Каракалпакстана.

Новейшая история Узбекистана и Каракалпакстана тесно связана с другими обществоведческими дисциплинами: политология, социология, экономика, этнология, психология и др. Тем не менее, целью новейшей истории являются комплексный анализ социально-экономических, политических, духовных процессов в современный период Узбекистана².

В новейшей истории Узбекистана важное значение имеет изучение феномена Ислама Каримова в качестве политического лидера новой генерации. Общественно-политические и социально-экономические процессы накануне обретения независимости, усилия и меры руководства Узбекистана по преодолению кризиса содействовали созданию института Президентства. Первые реформаторские шаги И.А.Каримова в качестве Президента независимого Узбекистана получили всенародное одобрение³.

На начальном этапе структурных экономических преобразований формировалась многоукладная экономика. Углублялись процессы приватизации и формирования конкурентной среды, создавался полноценный рынок ценных бумаг и недвижимости; расширялся слой реальных собственников. Была достигнута энергетическая и зерновая независимость.

Важное значение имел синтез национальных и общечеловеческих ценностей в создании демократического общества в Узбекистане. Укрепление и развитие нравственного духа народа – важнейшая задача государства и общества в Узбекистане. Изменилось отношение к великим предкам, историческим личностям в годы независимости. Начали празднование юбилеев исторических городов в международном масштабе.

Получили поддержку инициативы Узбекистана по решению проблемы Афганистана. Наше руководство выступало с инициативой объявления Центральной Азии зоной без ядерного оружия. Очевиден вклад Узбекистана в борьбе против терроризма, наркомании и наркоторговли⁴.

Известно, что малоисследованной проблемой изучения новейшей истории Республики Каракалпакстан можно отнести политическую историю. Сколько-нибудь полноценных исследований в таком роде вряд ли возможно без изучения мемуаров государственных деятелей Каракалпакстана последних десятилетий XX века⁵. Только тогда можно понять и объяснить дела, поступки и мысли людей своего времени, когда приходилось им жить и действовать. К числу совершенно неизученных проблем относится возникновение и эволюция современной государственной элиты. Можно констатировать, что в исторической науке Каракалпакстана не накоплено ни традиций, ни навыков ее изучения. Тема остается востребованной как в современной историографии, так, и в политологии. Происходит процесс углубления анализа, расширения предмета исследования. Однако как всякий процесс познания он не только увеличивает число решенных проблем, но и постоянно расширяет область неизвестного. Сфера исследования истории общественно-политического развития Республики Каракалпакстан сегодня сопоставима с изучением кардинальных социальных и гуманитарных проблем, без понимания которых нельзя дать ответ на внешне достаточно простые вопросы современной истории.

АЛАШ ТАРИХЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ

Сүлейменова Д.Д
(Қазақстан, Орал)

XX ғасыр басындағы қазақтың аса көрнекті саяси қайраткері Жаһанша Досмұхамедовтің өмірі мен қызметі арқылы тәуелсіздікке талпынған Алашорда төңірегіне топтасқан қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі мен ғасыр басындағы қоғамдық саяси келбетіне, ондағы саяси күштер, қозғалыстар мен партиялардың қызметіне баға беруді мақсат еттім.

Тақырыпта Жаһанша Досмұхамедовтің өмірі мен қызметінің және «Ойыл уәлаяты» атты Уақытша үкімет мүшелерінің өмірбаяндары мен қызметтері туралы айта отыра, бұрын ғылыми айналысқа түспеген тың деректермен жұмыстандым.

Зерттеуде пайдаланылған дереккөздерге арнайы тоқталып, тақырыпты ашудағы маңызы мен құқықтық ерекшеліктеріне қарай жүйеледім:

Патша өкіметінің қазақ даласын отарлау мен Кеңес өкіметінің пролетариат диктатурасын орнықтыру мақсатындағы қабылдаған нормативтік-құқықтық құжаттары. Оларды саяси-әлеуметтік, экономикалық мазмұнына қарай үш тарихи кезеңге бөлуге болады:

- **бірінші кезең:** патшалық Ресейдің Қазақстанды отарлауды ерекше қарқынмен жүргізген соңғы сатысы – XIX ғасырдың басынан басталып, осы ғасырдың 60 жылдарымен аяқталады;
- **екінші кезең:** XIX ғасырдың 60 жылдарынан басталып, 1917 жылдың соңына дейінгі мерзімді қамтиды;
- **үшінші кезең:** пролетариат диктатурасын күшпен орнықтырған 1917 жылдың аяғынан 1920 жылдарға дейінгі аралықты түзейді.

Бұл кезеңдерде қазақ қоғамы әртүрлі саяси-әлеуметтік оқиғаларды бастан кешірді.

Кеңес өкіметінің пролетариат диктатурасын орнықтыруға бағытталған заң-құжаттарын талдау да тақырыпты тереңірек ашуға септігін тигізді. Қазіргі қоғамдық ғылымдарда кеңес дәуірі кезіндегі саясат, идеология, құқықтық жүйені түгелдей жоққа шығаруға бағытталған ғылыми конъюнктура орныға бастаған кезде, зерттеушілер назарынан ерекше бір проблема қағаберіс қалуда. Ол – Алаш арыстарының В.И.Ленин және И.В.Сталиннің жүргізген келіссөздер мен төңкерістен кейін орныққан саяси күштердің ара салмағын бағамдай келіп, олардың саяси, идеологиялық платформасын қабылдамаса да, кеңестік органдарға қызметке тұрып, саясатқа қайта араласқаны. Әсіресе, олардың Ресей Федерациясы құрамындағы тұңғыш Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құру, оның аймағын айқындау, мемлекеттік басқару органдарын белгілеу ісіне белсене араласқаны. Осы тұста қазақ зиялылары бір кездері өздері жасаған «Алаш автономиясын» құру жөніндегі конституциялық қағидалар мен құқықтық институттарды кеңестік сипаттағы Қазақ автономиясына енгізуге барынша күш салды. Мәселен, Алашорданың заңдық, құқықтық құжаттарының алтын өзегі болып өрілген «халықтың саяси жағынан өзін-өзі билеуі» ұғымы кеңестік Қазақ автономиясында «еңбекшілердің саяси жағынан өзін-өзі билеуі» деген өзгеріспен көрініс тапты. Олардың ұлттық-аумақтық негізіндегі автономиясы большевиктердің облыстық автономия туралы пікірлерімен алмастырды. Зерттеуде осындай «қарама-қайшылық» нәтижелері де кеңінен талданды.

Еңбегімізде Мәскеу, Петербург, Орынбор, Алматы, Қызылорда, Ташкент, Саратов т.б. жерлердің мұрағаттарынан алынған ресми құжатты деректер (мәртебелі жарлықтар, ережелер, түсіндірмелер, хаттар, суреттер т.б.) сарапталып, жүйеленіп пайдаланылды. Егер бірінші топта патшалық Ресей қабылдаған заңдар мен құжаттар талданса, бұл топта соларды жүзеге асыруға бағытталған жергілікті отарлау

аппаратының нақты іс-әрекетін бейнелейтін құжаттар қарастырылды. Онда жаңа әкімшілік-аумақтық бөлініске орай жергілікті басқару жүйесін өзгертудің, қазақтардан тартып алынған шұрайлы жерлерді қоныс аударып келген орыс мұжықтарына таратып берудің, болыс сайлауын өткізудің, Мемлекеттік Думаға депутат сайлаудың жай-күйі жергілікті отарлау аппаратының ыңғайына қарай, құқықтық тұрғыға қарай рәсімделгені ашып көрсетіледі. Бұл құжаттардан отарлау аппараты шенеуніктерінің қазақ даласына өздері қолданып отырған ең қарапайым құқықтық нормалардың өзін аяққа таптауға негізделген саясатына ешбір тоқтау, реттеу жоқтығына және болмайтындығына әбден сенгендігі айқын аңғарылады. Олар қазақтар өздерінің бір кездегі бүкіл Орталық Азияны тітіреткен жауынгерлік рухынан айырылып, бодандық қамытына біржолата мойынсұнды деп есептеді. Бұл туралы «Брокгауз-Ефрон» энциклопедиясында: «Монғолия мен Ресейден бірқатар бекіністер арқылы бөлініп тасталған қырғыз-қайсақтар XIX ғасырдың басына қарай бұрынғы жаугершілік рухын жоғалтты», – деп жазады [1].

Шын мәнінде, XIX ғасыр соңындағы Ресейдегі революциялық қозғалыстың жанданып, саяси күрестің өрістеуі қазақ халқының да саяси санасын оятып, ұлт-азаттық күресіне соңғы серпін берген еді.

Құжатты деректердің ендігі бір үлкен тобын ұлт-азаттық қозғалыс пен саяси күрестің әр кезеңіндегі күрес тактикасы мен стратегиясын айқындап, қалың бұқараға түсіндіру қызметін атқарған түрлі баспасөз бетінде («Қазақ», «Алаш», «Сарыарқа» газеттері, «Айқап», «Абай» журналдары) жарияланған материалдар құрайды. Олардың басым көпшілігі патшалық самодержавие заманында, Уақытша үкімет кезінде, ішінара Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында жарияланды. Бұл материалдар Кеңес Одағы тұсындағы зерттеулерде ғылыми айналымға қосылғанымен, мемлекет және құқық теориясы мен тарихи тұрғысынан жеткілікті дәрежеде зерттелмеді. «Айқап», «Абай» журналдары туралы зерттеулерде көбінесе олардың қазақ халқының сауатын ашу, ағартушылық мәселелері сөз етілсе, Алаш партиясының орталық органы қызметін атқарған «Қазақ» газеті туралы, ондағы материалдардың қазақ халқының саяси санасын қалыптастырудағы рөлі туралы арнайы ешқандай зерттеулер жазылмады деуге болады. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде, жан-жақты зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Осы еңбек ақтандақтардың орнын толтыру мақсатында аталған басылымдардағы жарияланымдарды жан-жақты талдап, оларды мемлекеттік-құқықтық құрылыс мәселелері тұрғысынан саралап, тарихи нақты материалдарды айналымға ұсынып отыр.

Осы мәселеге қатысты тағы бір ерекше назар аударатын мәселе – қазақ баспасөзінде жарияланған Алаш партиясы, «Алашорда» үкіметі мен Алаш автономиясының мемлекеттік құрылысына қатысты конституциялық, бағдарламалық құжаттары кеңестік ғалымдар тарапынан ғылыми терминдердің әлі қалыптасып үлгермегендігін пайдаланып, орыс тіліне қасақана бұрмаланып аударылғандығы. Бұл түрлі бұрмалаушылықтар мен инсинуацияларға жол беріліп, Алаш ардагерлері түзген құжаттардың барынша қараланып көрсетілуі.

Құжатты деректердің келесі бір тобын ұлт-азаттық қозғалыс басшыларының, оған қатысушылардың хаттары, пікірлері, түсініктері, естеліктері мен өз қолымен жазған өмірбаяндары құрайды.

Мұндай деректер ішінде алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың естеліктері мен ғылыми мақалаларын ерекше атаған жөн. Оның бірқатар естеліктері мен мақалаларында қазақ даласында әуелі стихиялы түрде басталған ұлт-азаттық қозғалыстың біртіндеп бүкіл қазақ даласын қамтыған, ұйымдасқан, нақты бағыт-бағдары, алдына қойған саяси мақсаты мен құқықтық мүддесі бар саяси күреске айналуы осы күресті ұйымдастырушы адамның көзімен баяндалады. Онда саяси күрестің зор әлеуметтік қозғалысқа ұласуының ішкі құпиялары мен сипаттамасы беріледі. Қазақтардың патша самодержавиесінің отарлау аппаратына, оның жазалау органдарына, жекелеген шенеуніктеріне деген

көзқарасы мен олардың арасындағы саяси текетірес түріндегі қарым-қатынас мәселелеріне тоқталады. Сондықтан Ә.Бөкейхановтың жазбалары, А.Байтұрсыновтың және Алашорда Батыс бөлімі оның қайраткерлері жөнінде материалдарының Қазақстандағы саяси күрестің даму диалектикасының толық картинасын жасаудағы рөлі айрықша екендігін ескеріп, барынша кең қамтуға тырысады. Зерттеуде ғылыми айналымға тұңғыш рет түсіп отырған Алаш қозғалысының тағы бір жетекшісі Жаһанша Досмұхамедовтің Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы құрылғаннан кейінгі еңбегі айтылады.

Еңбекте Жаһанша Досмұхамедовтің өз қолынан шыққан құжатты деректер де кеңінен пайдаланылды. Оның Мәскеу университетінің студенті болып жүрген кездегі және 1911 жылы алғашқы мақаласы – аударма материалдары жинастырылды, ол ұлт-азаттық күрестің әр кезеңіндегі сипатын білдіретін құжаттар ретінде талданды. Зерттеуде Жаһанша Досмұхамедовтің, оның автономия туралы пікірлері Қазақ АКСР-ін құру кезінде де, тәуелсіз Қазақстан жағдайында да ерекше мәнге ие болып отырғандығы да көрсетіледі.

Зерттеу барысында Жаһанша Досмұхамедовтің бұрын еш жерде жарияланбаған еңбектеріне де арнайы тоқталды. Оның «Қырғыздардағы-(қазақтардағы) әдет-ғұрып құқығы және халық соты туралы бірнеше сөз» жөніндегі іргелі еңбегі қазақ тарихы, оның мемлекеттік құрылысы жөнінде автордың осы күнге дейін өз мәнін жоғалтпаған, Қазақстан тарихының «ақтаңдақтарын» ашуға жөн-жоба сілтейтін ғылыми құжат екендігі дәлелденеді [2].

Бір сөзбен айтқанда, осы еңбекте Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс пен саяси күрес тарихына, мемлекет пен құқық теориясына, саяси және құқық ілімі тарихына қатысты дереккөздерін барынша кеңінен қамтып, ғылыми айналымға қосу арқылы оны жан-жақты талдаудан өткізеді.

Жаһанша Досмұхамедовтің өмірі төңкеріске дейін Ресейдің үлкен ғылыми орталықтарында білім алып, алған білімдерін туған халқының тәуелсіздігіне арнауды мақсат еткен Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов т.б. өмірімен сабақтас. Өзге де қазақ зиялылары сияқты төңкеріске дейін және Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары да өзінің саяси және қоғамдық қызметін жалғастырып, халқының болашағы үшін еңбек етті. Алайда Алаш арыстары Жаһанша, Халел Досмұхамедовтер, Дәулетше Күсепқалиев, Салық Омарұлы, Қалдыбай Асанов, т.б. қуғын-сүргінге ұшырай бастаған 1920 жылдан бастап, 60 жылдардың жылымығына дейін олардың мол мұрасын зерттеуге тыйым салынды. Олардың есімін ауызға алуға да болмайтын еді.

Қазақ зиялылары өздерінің алған білімдерін, іс-тәжірибелерін қазақ халқының бостандық жолына арнады. Өткен тарихымызға зер сала қарасақ, Алаш қозғалысының тарихы мен еліміздің бүгінгі тарихи шындығы арасында өзара байланыс пен сабақтастықтың болуы заңдылық. Бұл сабақтастықтың өзегі – ұлттық мемлекеттілік мәселесі.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы ұлттық мемлекеттілікті нығайту бағытындағы ізденіс үстінде. Мемлекеттіліктің ұлттық негізінің беріктігі – әлемдік жаһандану үрдісімен туындайтын ұлттық болмысқа қауіп төндіретін кері әсеріне тосқауыл болудың бірден-бір кепілі болып табылады.

Қазіргі тарихи кезеңде бұл бағытты жүзеге асыру үшін тарих тағылымынан сабақ алып, ұлттық мемлекетті қайта қалпына келтіру жолындағы Алаш қайраткерлерінің қызметін терең зерделеп, жетекші ойларын басшылыққа алуға тиіспіз. Бұл бағытта елеулі істер тындырылғаны да белгілі. Мысалы, Алаштану мәселесі ғылыми тұрғыда негізделіп, мектебі қалыптасып және алаш зиялыларының ғылыми-шығармашылық мұралары насихатталуда.

Қарама-қайшылыққа толы сол тарихи кезеңдер мен Алашорда бөлімдерінің құрылуының алғышарттары мен іс-әрекеттерінің өзіне тән ерекшеліктері болды.

Алашорда мен Алаш автономиясы және Алаш қайраткерлері туралы деректер мен құжаттар, мәлімет беретін жұмыстар бары белгілі. Ал Алашорданың Батыс бөлімі туралы деректер бүгінгі таңда зерттелу үстінде.

Алашорда үкіметі, соның ішінде оның Батыс бөлімі жайында құнды мәлімет беретін еңбектің бірі – «Жизнь национальностей» деп аталған газеттің 1921 жылғы 3 қарашадағы № 20 (118) номерінде Тер-Погос Асетисовтің мақаласы. Мақала авторы қазақ зиялы қауымының қалыптасу эволюциясына тоқтала келе: «1918-20 ж.ж. «Алашорда» атты ұлттық мемлекет құрылып, кейін оның екіге бөліну себебі бірін-бірі түсінбеушіліктен емес, Қазақ жерінің кеңдігінен болды», – дейді. Осы еңбекте Батыс Алашорда алғашқы күннен-ақ Орал және Орынбор казактарымен, башқұрттарымен бірігіп, Кеңес өкіметіне қарсы шықты және елде мобилизация жариялап, әскер жайлы мәліметтер берілген [3].

1925-1930 жылдары Қазақ Өлкелік партия комитетіне жетекшілікке жіберілген Ф.И.Голощекиннің кезінде Алашорда мәселесінің тарихнамасы «толыға» түсті деп айтуға болады. Оған себеп болған алашордашыларды қуғындау саясатының күшеюі еді. Осы кезде А.К.Бочагов, Н.Мартиненко, С.Браинин, Ш.Шафионың еңбектері жарық көрді.

А.К.Бочаговтың еңбегінде Алашорданың Батыс бөлімінің құрылу хаттамасы, оның құрамы мен жетекшілері билік жүргізетін аумағы туралы мәліметтер беріледі. Дегенмен автор Алашорда тарихы мен қызметтеріне жан-жақты талдау жасай алмаған.

Бұл еңбекті толықтыра түсетін Н.Мартиненконың құрастыруымен 1929 жылы жарық көрген Алашорда тарихына арналған құжаттар жинағы болды. Еңбекте «Алашорданың Батыс бөлімінің құрылуы», «Ойыл уәлаяты» Уақытша үкіметі, «1917 жылы Орал казактарының облыстық съезінің материалдары», «Алашорданың Батыс бөлімінің 1918-1920 ж.ж. қызметтері туралы» мағлұматтар бар.

1979 жылдан бастап, украиндықтар мен татарлардың да облыстағы саны азая берді. Соған қарамастан, қалалық украиндықтар мен татарлар саны қала-қоныстарда жылма-жыл артып отырды. Облыстың қалалық украиндықтары мен татар халықтары саны жағынан Ақтөбе облысынан кейінгі екінші орынды иеленеді. Олардың өсімі 1970-79 жылдары қарқынды түрде артса, кейінгі жылдары бәсеңсиді. Аймақ халқы құрамындағы ұлттық үлес салмақтары да кеми түсті. 1959 жылы украиндықтар аймақ халқының 7,1 пайызын құраса, 1989 жылы 5,4 пайызын иеленеді. Сол сияқты, татарлардың үлесі 3,8 пайыздан 3,1 пайызға төмендеді. Қалалық немістердің саны бойынша облыс Ақтөбеден кейінгі екінші орынды иеленеді. Бірақ, Батыс Қазақстан облысындағы қалалық немістер өсімі баяу қалыпын өзгертпей, кеми түсті. 1970-79 жылдары саны 668 адамға артса, 1979-89 жылдары 412 адамға ғана артты.

Гурьев облысында халықтың этникалық құрылымында көп өзгеріс болмады. Қазақ халқының үлесі 1959-1989 жылдары арта түсіп, жалпы халықтың 79,6 пайызын құрады. Бұл жылдарда қазақ халқының саны 192,5 мыңнан 338,9 мыңға артты. Бірақ, өсім қарқыны төмен болып, жылына 4883 адамды құрады. Оның себебі, қазақтардың көпшілігінің көршілес Маңғыстау облысына қоныс аударуымен байланысты болды [4, 26].

Тұтас Батыс Қазақстан бойынша Гурьев облысы ғана қазақ халқының жоғары қалалану деңгейімен ерекшеленді. Өйткені, 1959 жылы Батыс Қазақстанның аймақ халқының 60 пайыздан астамы осы облыстың қалаларында өмір сүрді. Тек, 70 жылдардан бастап, Батыс Қазақстанның басқа қалаларында қазақ халқының үлесі артып, 1989 жылы облыс қалаларындағы қазақ халқының үлесі 33 пайызға кеміген [5, 134]. 1959 жылдың өзінде облыстың қалалық қазақ халқының үлесі 47,0 пайызды құраған. Бұл уақытта Ақтөбе облысында осындай көрсеткіш 24,0 пайыз, Батыс Қазақстан облысында 8,8 пайызға ғана тең болған. 1989 жылы қалалану деңгейі 52,8 пайызға көтерілді. 1989 жылы орыс тұрғындар саны халықтың 14,9 пайызды құрап, 1970-1989 жылдары 13 мыңға азайды. Аймақ халқының құрамында қазақ халқынан кейінгі басым ұлттың бірі орыс халқы болды. 70 жылдарға дейін орыстар саны артса, кейін азайып, 1989 жылға таман мүлде төмендеп кетті. 1959 жылы орыстардың аймақ халқы құрамындағы үлесі 30,0 пайызды құраса, 1989 жылы 22,5 пайызға кеміді. Сондай-ақ, қаладағы украиндықтардың саны 1959-1989 жылдар аралығында 2226 адамға, татарлар саны 375 адамға ғана артқан. Керсінше қалалық немістер саны санақтар аралығында 401 адамға азайды.

Маңғыстау облысында халықтың қалыптасуына сыртқы факторлар тікелей ықпал етті. 1959-1970 жылдары облыстағы барлық халық саны 35,7 мыңнан 159,2 мыңға артты [6, 14]. Халық саны осы жылдары толығып, барлық ұлт өкілдерінің саны осы жылдары артты. 1970-1979 жылдары орыс тұрғындарының саны қазақ халқын басып озды. 1979 жылдан бастап, қазақ халқының саны артып, 1989 жылға таман 165,0 мыңға жетеді. Сәйкесінше, облыста аймақ халқының саны артып, қалалану үрдісі жедел қарқынмен жүрді.

Әр облыстың қалалары мен қала үлгісіндегі ауылдарында этнодемографиялық үрдістер Батыс Қазақстанның қазіргі аймақ халқының қалыптасу сипатын айқындады. 1989 жылғы санақ қортындылары халық саны мен құрылымындағы көп өзгерістерді дәлелдейді. Нәтижесінде қалалық қазақ халқының санындағы өсім анық байқалды. Қазақ халқының саны 3,2 есеге артып, 1959 жылы 148,1 мыңнан 541,6 мыңға жетті.

Кесте 1 - Батыс Қазақстан аймақ халқының ұлттық құрылымындағы өзгерістер (адам)

	Жыл-дар	қазақ-тар	орыс-тар	украин-дықтар	татар-лар	неміс-тер	барлық халық
Ақтөбе облысы	1959	41881	74836	28214	7518	12620	174426
	1970	64569	107025	37652	10364	16374	247545
	1979	92794	120826	40490	11195	16837	295528
	1989	159575	139420	46145	13334	19360	346377
Маңғыстау облысы	1959	5696	6956	642	321	68	15280
	1970	45627	59466	7464	3115	611	131824
	1979	80670	98464	9145	4601	1017	216800
	1989	128443	106551	10134	5157	1130	287239
Гурьев облысы	1959	90623	43274	1240	4198	1639	146486
	1970	111210	66030	5441	4726	1714	198491
	1979	140743	61459	3668	4610	1534	221049
	1989	178180	57696	3466	4573	1238	256011
Орал облысы	1959	9962	87391	8087	4358		113381
	1970	19151	116134	10759	6275	923	157919
	1979	41041	146823	13902	7486	1591	217391
	1989	75488	158757	14590	8216	2003	267362

Аймақ халқының құрамындағы қазақ халқының үлесі Батыс Қазақстанда 1959 жылы 32,9 пайызды құраса, 1989 жылы 44,9 пайыздық көрсеткішке жетті [7, 87]. Сонымен бірге, Батыс Қазақстанда 1959 жылы қазақ халқының 26,8 пайызы қалада өмір сүрсе, 1989 жылы қазақ халқының қалалану деңгейі артып, 42,9 пайызы қаланы мекендеген. Өзінің өсімі бойынша қазақ халқы өзге ұлт өкілдерінен басым тұрды. Қазақ халқының санындағы өсім 1970-1979 жылдары айрықша байқалды. Осымен бір уақытта өзге ұлт өкілдері орыстар, украиндықтар, татарлар және басқалардың үлестері азайды. Тұтас алғанда, 1959-1989 жылдардың аралығы қазақ халқының санындағы өсіммен ерекшеленді.

Қарастырылып отырған кезең барысында Батыс Қазақстан халқының құрылымында басқа да, әртүрлі ұлттардың өкілдері қалыптасты. Олардың бірі айқын даму бағытын иеленсе, кейбіреулері көші-қон құбылысының қортындысына сай жаңадан пайда болып жатты. Бұл кестеге 1989 жылғы халық санағы бойынша халық саны мың адамнан асатын ұлт топтары енді. Одан өзге де кестеге еңбеген кішігірім бірнеше ұлт өкілдері Батыс Қазақстан территориясында өмір сүрді. Аталған ұлт топтарының арасында немістер ерекшеленеді. Олардың басым көбі Ақтөбе облысының қалаларында мекендеген. Немістердің Батыс Қазақстан өңірінде пайда болуы Ұлы Отан соғысы жылдары күштеп қоныстандырылуы салдарымен тікелей байланысты. Азғана тобы 1959 жылғы санаққа да ілінген. Өйткені, қазан төңкерісіне дейінгі жылдарда Қазақстанға қоныстанғандар арасында немістер де болды. Белорустар санының өсімі өнеркәсіптік даму белесінің басталуымен байланысты болды. Ақтөбе мен Маңғыстау облыстарының қалаларында белорус халқының өкілдері көптеп қоныстанып, аймақ халқының құрамына сінді. Сонымен бірге, Батыс Қазақстан өңірінде шешен халқының өкілдері де өмір сүрді. Әсіресе, кейінгі онжылдықтар бойында олардың саны едәуір артады. Олардың көбі өнеркәсіп пен құрылыс саласында қызмет етті. Кейіннен көпшілігі Батыс Қазақстан

жерінде тұрақтап қалды. Кәрістердің Батыс Қазақстан өңірінде пайда болуы республикадағы 50 жылдардағы қоғамдық-саяси оқиғалармен байланысты болды. Аймақ халқы құрамындағы кәрістердің басым көбі Гурьев мен Ақтөбе облыстарында мекендеген. Сонымен бірге, молдавандар саны баяу болса да артып отырды. Олар Ақтөбе облысының қалаларында көптеп шоғырланған. Әсіресе, 50 жылдардан кейінгі әлеуметтік-экономикалық бірқатар өзгерістердің барысында, жұмысшылар мен мамандардың келуіне байланысты молдавандар саны толықты.

Батыс Қазақстанның қалаларында ежелден Еділ бойы халықтарының өкілдерінің бірі ретінде танылатын мордвалар да өмір сүрді. Олардың бірқатары 1959 жылғы санаққа ілінді [8, 21]. Ежелгі ұлттардың қатарына еврейлерді де енгізуге болады. Бірақ, олардың саны мен өсімі кейінгі жылдары төмендеді.

Қарастырылып отырған 1959-1989 жылдардың аралығында Батыс Қазақстанның этникалық құрылым кестесінде күрделі өзгерістер болды. Аймақ халқының этникалық құрамындағы қалыптасқан оқиға аймақтың этнодемографиялық әлуетін айқындайды. Әр аймақта қалыптасқан этнодемографиялық үрдіс Батыс Қазақстанның бүгінгі аймақ халқының қалыптасу сипатына негіз болды.

Әдебиеттер :

1. Об основных показателях Всесоюзных переписей население 1939, 1959, 1970, 1979, и 1989 годов. Алматы, 1996. -75с.
2. Ақ ОММ, 69-қ, 3-т, 92-і.
3. Татимов М.Б.Социальная обусловленность демографических процессов. Алматы: 1989.
4. ҚР ОММ, 1208-қ, 1-т, 29-і.
5. ҚР ОММ, 1208-қ, 1-т, 16-і.
6. Кесте бойынша есептелді: Алексеенко А.Н. Население Казахстана 1920-1990 гг. Алматы: Ғылым, 1993. -125 с.
7. БҚ ОММ, 1553-қ, 1-т, 1-і.
8. БҚ ОММ, 693-қ, 1-т, 99-і.

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

МАХАМБЕТ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЖАСТАРҒА ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ МӘНІ

Кинжекова Р.С
(Қазақстан, Орал)

Қалың көпшілік Елбасы Н. Назарбаевтің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халықтан қызу қолдау тапқан тұғырнамасын ширек ғасырды артқа тастаған Тәуелсіз Қазақстанның жаһандану дәуіріндегі рухани кеңістігіміздің жаңа бастауы деп бағаланғаны белгілі. Елбасының бұл мақаласы - ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтерілген болатын.[1] Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жағдайында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Дәл осы ұрпақ бойында ұлттық рухты, өзіне деген сенімділікті, халқына деген құрметті қалыптастыруда Махамбет өлеңдерін оқыту, өр ақынның өмірін өзек ету таптырмайтын құрал екендігі даусыз.

Дауылпаз ақын Махамбет мұрасын қалың көпшілікке танытқан, тынбай зерттеген ғұлама ғалым Қ. Жұмалиев болды. Белгілі ғалым Қ. Өмірәлиевтің «Қазақ әдебиеттану ғылымында Махамбет творчествосын барынша көп, әрі барынша терең зерттеген академик Қ. Жұмалиев болды» - деген сөзінде нақтылы шындық бар екендігі ғалым еңбектерін саралағанда әйгілене түседі. «Ғалым ақын мұрасын әр қырынан зерттеп, оның ардақты есімін, асыл мұрасын азаматқа тән батылдықпен батырдай қорғап шықты».[13] Ақын дегеніне жете алмай, қапыда қаза тапса да, оның халық сүйіспеншілігіне бөленген ер тұлғасын, күрескер бейнесін, өлеңдерінің өміршеңдігін дәлелеуде профессор Қ. Жұмалиев өз діттеген мақсатына жетті.

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұқтар Әуезов Махамбеттің ақындық құдыретін жоғары бағалай келіп, былай деп жазды: «...Махамбет бұрынғы, соңғы қазақ ақындарының ішіндегі ең бір күштісі деп саналуға тиіс. Махамбет жырлары - өз заманындағы ең қанды, ең әсерлі сөз, көпшіліктің өз үні, өз тілі, өз арман талабы». Бұл классик ақынымыздың шығармашылығына берілген әділ баға деп білуіміз керек.

Ерегескен дұшпанға қызыл сырлы жебедей қадалған Махамбет – жақсыларға еп, жамандарға көп, лапылдап тұрған өрт. Андамаған жалынына шарпылады. Жауырынан етін алса да жалынып, жалтақтауды білмес, қыңқ етпес табандылық ердің еріне бітеді. Халық қайғысын айтуға хан ұлынан қаймықпау да, «бас кесермін, жасырман»- деп, қасқая қарап тұру кез-келгеннің қолынан келе қоймайтын ерлік.

Махамбет ел, халық жүрегінен мәңгілікке орын тапты. Оның жырлары елдің рухын көтеретін, ерлікке, елдікке бастайтын ұран іспетті. Сондықтан да болар халқымыз Махамбеттің есімін де, отты жырларын да қатты қастерлеп, ұрпақтан-ұрпаққа рухани қазына ретінде аманаттап жеткізіп отырды. Махамбеттің қай өлеңін алсақ та, оның негізгі лейтмотиві – жас ұрпақты ерлікке патриотизмге, адамгершілікке тәрбиелеу, елін, туып өскен жерін қорғау үшін «жалаулы найза қолға алып, жарақты жауды тоқтатып» құрбан болған елдің арманы жоқ деп, туған халқы, елі үшін кездескен қиыншылықты

жеңе білуге үгіттеу. Демек, оның шығармаларындағы айтылған қағидалар көтерілген мәселелер бүгінгі педагогиканың уақыт талабына қойып отырған мәселелерімен үндесіп жатыр.

Айталық, ер жігіттің жаман – жақсы қасиеттерін екшей келе: Атадан туған аруақты ер, Жауды көрсе жапырар. Үдей соққан дауылдай. Жамандарға қарасаң, Малың көрер жанындай... Немесе: Жаманды байқай қарасаң, Күндердің күні болғанда, Өз басына өзі жау-деп, сертті бұзып, жақынының жағасына жармасатын жамандарды сынайды.

Ақын: Бұлықсып жүрген мырзадан Бұрынғы дәулет тайған күн,-деп байлық, барлық, дәулет пенде басында мәңгі тұрмайтынын еске салады. Жігіттің жақсы болуы да, жаман болуы да өзінен екенін, жаманнан жиреніп, жақсыдан үйренуге шақырады.

Ел шетіне жау келсе, Азамат ердің баласы Намысына шыдай ма, Жаттан көмек сұрай ма?!

Намысын қолдан бермеу- Махамбеттің басты ұраны. Сондықтан батыр соңына ерген сарбаздарды да намысқойлыққа, өжеттікке, бірбеткейлікке баулиды. Қиын-қыстау кезеңде қиындыққа мойымай, еңсесін тік ұстауды сұрайды. Елге еркіндік тілейді, Тәңірден басқаға тәуелді болмауды аңсайды, теңдікке қол жеткізуді армандайды.

Ақынның: Бізді тапқан ананың, Асыраған атаның. Ризалықпен жайласып, Қолын алар күн қайда?-дегені ата-ана алдында аласа болу, оларды құрметтеуге баулиды.

Махамбет ездерді еркек қатарына қоспайды. Мұны ақынның:

Қарайғанның, жігіттер, Бәрін кісі деменіз. Көпе-күндіз тайрандап,

Түзге шықпас ерлер бар,- деуінен байқауға болады. Ал еркек кіндіктің басты қасиеттері - бірсөзділік, өжеттілік, намыс қойлық деп біледі.

Махамбеттің Исатаймен арадағы достығы, сыйластығы адамгершіліктің биік мәртебесі ретінде кейінгі ұрпақ ту етіп ұстайтын құндылық іспетті. Махамбет Исатайдың ерлік әрекеттерін көп адамы оққа ұшып, әскердің алды бөгеліп, айнала бораған оқ дем алғызбай, қасына ерген қарулы жасақтың басына ауыр хал туғанда батыр өз өмірін бір тиынға санамай, түтеген оққа қарсы шабады. Ақын Исатайдың әрі батырлығын, әрі шын елім деген ерлер үшін өлімге де, өмірге де әзірлігін көрсетеді. Исатайды тек батыр ғана емес, ел бастаған көсем етіп көрсетеді. Ол халық үшін қабырғасын бір-бірлеп сөксе де қыңқ демеді, ауыр күндерді басынан кешірді, үлкен бейнет көрді. Әйтсе де, алған бетінен қайтпады, ел үшін игі жолда өле білді дейді ақын. Міне, Махамбеттің Исатайды тереңнен сүйіп, тебірене жырлауының негізгі тамыры оның ел үшін еткен еңбегінде жатыр. [3.116]. Махамбет өлеңдерінде «Исатай басшы, мән қосшы», Исатай деген ағам бар, ақ кіреуке жағам бар»-деп өзін мейлінше кішіпейіл, сыйластық, үлкенге ізет көрсетудің үлгісін көрсетеді. Ол достық, махаббат, жолдастық борышын терең сезіне білгендігімен үлгі.

Ақынның өмірлік серігі, жан серігі Исатай батырға арнаған жырларын тебіренбей оқу мүмкін емес.

Таудан мұнартып ұшқан тарланым,

Саған ұсынсам қолым жетер ме?

Арызым айтсам өтер ме?

Иә, сарғайған сағыныштың, сағыныштан туған сарыуайымның лебі сезіледі...

Ал «керіскідей», «кұландай», «кұлжадай», «қырмызыдай», «теңіздей» деген теңеулері Махамбеттің достыққа бекем, досты бағамдай білетін адалдығын байқатады.

Ақын адал дос пен амал достың аражігін былай көрсетеді:

Жақсыменен дос болсаң, Айрылмас күні қос болсаң, Басыңа қиын іс түссе,

Алдыңнан шығар өбектеп, Жаныңа не керек деп.

Жаманменен дос болсаң, Айрылмас күні қос болсаң, Басыңа қиын іс түссе, Басқа кетер бөлектеп...

«Бірлік биіктетеді, татулық төрге шығарады» деген сөз тегінде бекер айтылмаса керек. Махамбет те: ... Алтын жақса жарасар, Жылтыраған күміске.

Он екі ата Байұлы Жиылып келсе бұл іске,- деп шаршы топты бірлікке шақырады.

Иә, Махамбет -қиып түсер өткірлігімен, қызу қанды жігерлігімен, нәсердей екпінімен еркіндікті аңсаған батыр,арқалы ақын. Халық жазушысы, мемлекет қоғам қайраткері Әбіш Кекілбайұлының «Тәуелсіздік жолында қан да төгілген, жас та төгілген, денесінен бас та бөлінген. Басы бөлінгенмен, ары төгілмеген, арлыларды әңгімелесек, биіктемесек аласармаймыз» -деген сөзі Махамбетке арналған болатын.

Махамбет-балалар әдебиетінің өкілі емес, бірақ өлеңдерінің бірсыпырасы балалар мен үлкендерге бірдей ортақ мұра. Ерлікті дәріптейтін шығармаларды көп оқу балалар психологиясына тән нәрсе. Олар мұндай шығармаларды өте тез түсінеді, тез қабылдайды. Балалар әрқашан патриоттық күш-қайрат беретін өздерін, өздерін жігерлендіре түсетін шығармалардың ішіндегі кейіпкерлерге үнемі еліктеп отырады. Мазмұны қызықты және оқушысын патриоттық идеяға баулитын шығармалар жастың үлкен, кішілігіне қарамай бәріне бірдей қызмет етеді. Махамбет – қазақ халқының кегі, ызасы, намысы,қайтпас қайсарлығы мен жігерінен жаралған наркескен рухани қару. Сол қаруды жастардың жігерін жануда орынды қолдана алмай жүрміз. Біздің бала кезімізде тілімізді ақынның өлеңдерін жаттатумен шығаратын. Мектептегі кез-келген шарада Махамбеттің өлеңдері жатқа оқылатын. Махамбет түсімізге енетін, қиқулап ақбозатпен атойлап жанымызда жүргендей сезінетінбіз.

Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай», «Тарланым»,

«Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі», «Ерлердің ісі бітер ме?», «Қызғыш құс» деген өлеңдері балалардың ойына қозғаусалатын, патриоттық рух беретін, оң мен солын танытатын тәрбиелік күші басым шығармалар. Сонымен қатар балалардың жаттап алуына жеңіл, орамы күшті, әсерлі сөздер мен жанды теңеулер бар. Өлеңнің құрылыс өлшемі шағын, қысқалығы жағынан да балалар үшін ұтымды. Махамбет өзінің үлкен, кішіге бірдей қызмет ететіні және өлеңінің балалар үшін басты қасиеті адам- өмірі туралы дұрыс ұғым беретіндігінде. Ақын өлеңдерінің балалар ұғымына жақын тағы бір пайдалы жағы – мұнда тарихи шындық, болған іс баяндалады.

Кейбір өлеңдерінде ақын туған елі бүгінгі Қазақстан жерінің табиғат байлығының әдемі көріністерін, ең даланың, асқар тау, шыңырау қиялардың айбатты пішінін суреттейді. Өлеңдерінде ақын көшпелі, мал баққан, ит жүгіртіп, құс салған аңшылық, өз елінің өмірінде орны бар жан-жануар, аң, құстардың образын көрсетуге көбірек көңіл аударады. Бірақ, бұл ел, табиғат байлығын, жан-жануарлардың әлемін суреттегенде, олардың тек көркемдік сипатын көрсету үшін ғана емес, ел тағдырымен байланыстырады.

Назары қайтқан күн болған, Жібектен бауы көнеріп, Ақ сұңқар ұшқан күн болған. Бағаналы боз орда Еңкейіңкі күн болған.

Махамбет поэзиясының ең күшті, ең құнды жағы халық үшін қызмет етуінде қалың бұқараның мүддесін іске асыруында. Дәл қазір осылайша қалың жұрттың арманын, мұңын жырлап, өмірін қиятын ақын бар ма? Жауынгер батыр тек қана қылыш, найзамен ғана жауға шапқан жоқ, ол өзінің жалынды өлеңдерімен де дұшпанын найзадай түйреп, халықтың ой-сезімін оятты. Бұл жолда оның өлеңдері қазірде рухани оянуымыздың құралына айналуы тиіс.

Әдебиеттер

1. Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы.- 26.04.2017.
2. Қ. Сейталиев Педагогика тарихы.Алматы «Білім»,2008-233-б.

3. Қ. Жұмалиев және Махамбеттану. Зерттеулер.-«Арыс» баспасы,2003.

К ВОПРОСУ ИЗУЧЕНИЯ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ ВОСПИТАТЕЛЕЙ

Мантрова М.С.

(Россия, Орск)

Новые образовательные стандарты вводят новое направление оценочной деятельности – оценку личных достижений. Это связано с реализацией гуманистической парадигмы образования и личностно-ориентированного подхода к обучению. Современная ситуация развития высшего образования настойчиво обозначает в качестве требования – внедрение в учебный процесс новых технологий обучения [1].

Среди наиболее важных условий, способствующих эффективной реализации профессиональной деятельности будущего воспитателя, является его психолого-педагогическая компетентность.

В своем исследовании мы используем взятое за основу определение психолого-педагогической компетентности М. И. Лукьяновой, которая рассматривает её как «совокупность определенных качеств (свойств) личности с высоким уровнем профессиональной подготовленности к педагогической деятельности и эффективному взаимодействию с учащимися в образовательном процессе» [2].

Структура психолого-педагогической компетентности будущего воспитателя состоит из совокупности знаний, умений в области психологии личности воспитателя, и таких профессиональных качеств, как профессиональное самосознание и рефлексия, эмоциональная гибкость, креативность, профессиональное мышление.

На становление педагога как профессионала оказывают свое влияние возраст, педагогический стаж и особенности профессионально-педагогической деятельности. Преподаватели с небольшим стажем работы зачастую используют дисциплинарные методы воздействия, что в основном дает обратный эффект. На занятиях и в совместной деятельности с детьми у них преобладают приказы, они предпочитают негативно окрашенные высказывания по отношению к детям [3].

Нами разработаны показатели, уровни и критерии оценки уровней сформированности психолого-педагогической компетентности студентов психолого-педагогического факультета.

Важное профессиональное качество учителя – уверенность в себе, обеспечивающая ему оптимальную мобилизованность и стабильность поведения. Технологии важны не как отдельно существующие образования, а как часть целостного процесса формирования компетенций у обучающихся [4].

С целью выявления субъективной оценки уровня сформированности психолого-педагогической компетентности была проведена диагностика методом анкетирования студентов 3 курса.

В ходе анализа результатов анкетирования была выявлена следующая информация:

– 60 % студентов оценивают свои психолого-педагогические знания и умения хорошими; 40% студентов считают их удовлетворительными; студентов, считающих свои психолого-педагогические знания и умения слабыми и отличными, не было;

– необходимость повысить свой уровень психолого-педагогических знаний и умений, а также развить качества, важные для их успешной реализации в педагогической деятельности, выразили 40% студентов; 20% студентов считают, что такое повышение и развитие для них желательно; 40% выразили отсутствие необходимости в повышении и развитии знаний, умений и качеств;

– уровень сформированности психолого-педагогических знаний студенты оценивают выше, чем психолого-педагогических умений;

– наиболее низкие результаты выявлены по таким показателям, как знание психологии личности воспитателя, умение организовывать мероприятия, игры с дошкольниками, а также по такому профессионально-значимому качеству, как профессиональное мышление;

– отмечены некоторые затруднения психолого-педагогического характера, которые испытывают студенты при решении профессиональных задач: в развитии мотивации учащихся, их устойчивых интересов к воспитательной деятельности; в создании психолого-педагогических условий развития личности дошкольников, в определении их уровня развития; в организации общения и взаимодействия с субъектами образовательного процесса.

Опытно-экспериментальной частью нашего исследования являлось изучение влияния профессионального самооценивания студентов психолого-педагогического факультета, будущих воспитателей.

Эмпирическим путем изучались основные вариации направленности личности, определялась степень самостоятельности, а также определялись условия эффективности учебно-профессиональной деятельности студентов. При анализе полученных данных были выявлены несколько групп по направленности личности. В исследовании принимали участие студенты 3 курса, дошкольное образование.

На первом этапе испытуемым предлагалась анкета, цель которой заключалась в выявлении уровня удовлетворенности выбором профессии и оценки сформированности образа-Я воспитателя. В результате был создан обобщенный список качеств, присущих воспитателю детского сада, который состоял из 20 качеств личности.

Второй этап представлял собой диагностику уровня притязаний и самооценки. Изучались данные особенности с помощью методики Дембо-Рубинштейна (в модификации А.М. Прихожан). А вторая методика С.А. Будасси позволила выявить уровень самооценки студентов психолого-педагогического факультета с помощью ранжирования качеств. Результаты получились следующие: у 20 % был выявлен реалистичный уровень притязаний, у 40 % был отмечен высокий уровень притязаний. И у 40 % испытуемых был обнаружен средний уровень притязаний.

Третий этап нашего исследования заключался в ранжировании 20 профессиональных качеств, которые предлагалось проранжировать в зависимости от представления о себе как о будущем воспитателе; в зависимости от своих представлений об идеальном воспитателе; в зависимости от ожидаемой оценки со стороны однокурсников группы; от общего представления о студенте; от выраженности этих качеств у близкого друга; от выраженности этих качеств у известного воспитателя.

Анализ результатов на данном этапе показал, что у 60 % студентов третьего курса лучше всего сформирован образ будущего профессионала, который строится на общих представлениях о студенте. И у 40 % образ будущего воспитателя зависит от выраженности качеств у друга - однокурсника. У третьекурсников лучше всего развит образ будущего профессионала, который зависит от выраженности этих качеств у известного воспитателя.

Проведенное исследование позволило сделать вывод об интегративной роли двух составляющих профессионально-педагогической направленности: профессиональной самооценки личности и ее уровнем.

Литературы:

1.Ерофеева Н. Е. Кластерный подход как основа сетевого взаимодействия образовательных организаций в системе вуз-школа / Н. Е. Ерофеева, Г. А. Мелекесов, И.

- В. Чикова // Азимут научных исследований: педагогика и психология. 2016. № 4 (17). Т. 5. С. 126-129.
2. Долгова В.И., Нуртдинова А.А. Исследование профессионально-педагогической направленности личности студентов // Современные проблемы науки и образования. – 2017. – № 6.; URL: <http://science-education.ru/ru/article/view?id=27043>
3. Мантрова М. С. Профессиональная адаптация молодых педагогов // Теоретические и практические аспекты развития современной науки. 2017. С. 183-186.
4. Чикова И. В. К вопросу классификации интерактивных технологий // Фундаментальные и прикладные научные исследования: актуальные вопросы, достижения и инновации. Душанбе: Научно-издательский центр «Мир науки», 2017. С. 197-200.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОЙЫН ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Бахишева С.М
Дүйсекенова А. Б
(Қазақстан, Орал)

Ежелден бері оқытудың педагогикалық құралы болып келе жатырған ойын әрекеті қазіргі таңда өзіндік дамудың шарықтау кезеңінде. Ойынға деген қызығушылықтың артуына себеп: бір жағынан, педагогика теориясы мен тәжірибесінің дамуы, проблемалық оқытудың кең таралуы, екінші жағынан жан-жақты дамыған белсенді тұлғаны қалыптастыруға деген әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктердің артуы. Философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерді талдау көрсеткеніндей қазіргі ғылымда біртұтас ойын теориясы жоқ, әр ғылым саласы бойынша өзіндік тұжырымдар қалыптасқан.

Ойын феноменіне алғашқылардың бірі болып Ф. Шиллер көңіл аударды. Ол ойынды адам дүниетанымын қалыптастырудың факторы ретінде қарастырды. Шиллердің пайымдауынша адам ойын барысында және ойын арқылы өзі өмір сүретін әлем мен өзін жасайды, адам болып қалыптасуды ойынсыз елестету мүмкін емес. Г. Спенсер ойынның жаттықтырушылық қызметіне баса назар аударды. Ойынды мәдениет көзі ретінде қарастырған нидерланд мәдениет танушысы Й. Хейзинга. Оның ойынша адами мәдениет ойында пайда болып, ойын арқылы жетіледі [1].

Ойын теориясы мен практикасын отандық және шетелдік педагогтар, психологтар, социологтар зерттеуде. Мысалы, Иохан Хейзингтің “Ойыншы адам”, Д.Б.Элькониннің “Ойын психологиясы”, Эрик Берннің “Адамдар ойнайтын ойындар” атты еңбектері жазылды. Батыс философтары мен психологтары Э.Берн, Р.Винклер, Г.Х. Гадамер, Ж.П.Сартр, З.Фрейд. ойынның ғылыми теориясы мен ойын феноменін түсіндіруге зор үлестерін қосты [2].

Сондай ақ Ресей ғалымдары И.Е. Берлянд, Л.С.Выгодский, Н.Я.Михайленко, А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин және т.б. ойын теориясының әлеуметтік табиғатын анықтап, баланың психикалық дамуына тигізетін әсерін зерттеген. Ойын педагогикасын жасап, педагогикалық процестегі ойынның орнын белгілеу, ойын әрекетінің құрылымын, ойынға басшылық жасау әдістерін зерттеумен Н.А. Аникеева, Н.Н.Богомолова, В.Д.Пономарев, С.А.Смирнов, С.А.Шмаков және т.б. ғалымдар айналысқан [3,4].

Ойынды іс-әрекет түрінде қарайтын болсақ, онда тұлға өзін субъекті ретінде толығымен жүзеге асыратын ойынның құрылымына мақсат қою, жоспарлау, мақсаттың орындалуы және нәтижені талдау жүйелі түрде енеді. Психолог Д.Н. Узнадзең ойынша ойын тұлғаға тән мінез-құлықтың психогендік формасы болып табылады. Л.С. Выготский ойынды баланың «ішкі әлеуметтену» кеңістігі және әлеуметтік тәртіпті

меңгеру құралы ретінде қарастырды. В.С. Кукушин ойынға мынадай анықтама береді: «Ойын- қоғамдық тәжірибені меңгеру мен қайта жаңғыртудағы жағдаяттық түрдегі іс-әрекет, оның барысында тұлға мінез-құлқының құрылуы мен басқарылуы жетіледі» [5].


Ойынды зерттеген көптеген ғалымдар (Ю.М. Лотман, С.Л. Рубинштейн, Д.Э. Эльконин и т.б.) ойынның амбиваленттілік қасиетін бөліп көрсетеді, яғни, ойын бір мезгілде шынайы және шартты мінез-құлықты көрсетеді. Бұнда қиялдан шығарылғаны тек ойнаған адамның ойша белгілеген шарттары ғана, ал сол қиял жағдайындағы өзінің бастан кешетін сезімдері бұл-шынайы. Ойын қатынасы барысындағы шарттылық тұлғаның мүмкіндіктерін жұмылдыра, белсендіре түседі, адамның өз шығармашылық мүмкіндігін жүзеге асыруға әсер етеді. Оған әлі игерілмеген шығармашылық әлеуетін толық пайдалануға мүмкіндік береді. Ойында бекітілген рөл мен ойын ережесін сақтай отырып, ойын барысында туындаған мәселелерді шешудің жаңа жолдарын іздестіреді. Білім беру міндеттерін шешудегі ойынның әлеуеті: өзінің іс-әрекетіне қатысты, қарым-қатынасына, өзіне қатысты баланың субъективті позициясын қалыптастырады.

Ойын және ойын-тапсырмалар бұл балалардың өздері өмір сүріп жатқан және оны өзгертуге қабілетті дүниені біліп-тануға апаратын жол. Бала ақыл-ойының дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес, танымдық іс-әрекет амалдары мен тәсілдерін игерумен бірге есте сақтау, ойлау, елестету, танымдық, шығармашылық қабілеттерінің дамуын тұтас қамтиды. Баланың дамуы үшін есте сақтау мен ойлау қабілеттерінің мәні өте зор. Бұлардың бәрі қоршаған орта және өзі туралы білімді меңгеруі, мінез-құлық нормаларын игеруі, білім, білік, дағдысының қалыптасуы, есте сақтау және ойлау қабілеттерімен тығыз байланысты.

Ойын - адамдардың қарым-қатынасы, кәсіби және жанұялық өмірдің мектебі болып табылады. Адам ойын арқылы өзінің бір нәрсені үйреніп жатқанын білмейді. Мектепте мұғалім монолог, диалог түрінде балаларға білім береді. Бір-бірімен белсенді байланысу арқылы ойынға қатысушылар бір-бірін үйретіп, өздері де үйренеді. Ойын түрінде оқыту жалықтырмайды, қызықты және ерікті түрде жүреді.

Ойынның педагогикалық мүмкіндіктерін бүгінгі бастауыш мектептің оқу-тәрбие процесінде ұтымды пайдаланудың қажеттілігін қарастырумен бірге, бізге ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, ойындар атқаратын мынадай педагогикалық функцияларды негіздеуге мүмкіндік берді.

Ойын дегеніміз - ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты. Ойын - тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан - ойға жетелейтін, адамға қиял мен қанат бітіретін, ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы. Ойын баланың күш-қуатын молайтып, оны шапшаңдыққа, дәлдікке ғана тәрбиелеп қоймай, оның ақыл-ойының толысуына, есейіп өсуіне де пайдасын тигізеді. Бала ойнап жүріп ойланады, жүйкесі тынығады, көңілі өсіп, ойы сергиді, денесі ширай түседі.



Оқу білім алу мен білік, дағдыны қалыптастырса, қарым-қатынас балалардың бірін-бірі дұрыс қабылдап, сонымен қатар жаңалық алмасуын арттырады. Ойын - пәндік әрекеттерді жетілдіріп, бірлесіп жұмыс жасай білуге дағдыландырады. Ал еңбек - қолдың қозғалысын жақсартып, практикалық, кеңестік және көрнекі ойлауын жетілдіреді. Балалардың бұндай әрекеттерге белсене қатысуы олардың психикалық дамуын арттырады деп түсіндірген. Ойын барысында балалар тез сергіп, тапсырманы жылдам, дәл орындауға тырысады [6].

Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын - айналадағы дүниені тану тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. Тиімді қолданылған ойын мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені төменгі сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез сергіп, тапсырманы ықыластанан әрі сапалы орындайтын болады.

Оқушылардың қызығушылықтарын туғызатын ойындардың бірі - дидактикалық ойындар. Дидактикалық ойындар – көп салалы, күрделі педагогикалық құбылыс. Оны - балаларды оқытудың бір әдісі, оларды жан-жақты тәрбиелейтін құралдардың бірі деп айтуға болады. **Дидактикалық ойынның негізгі мақсаты баланы қызықтыра отырып, жаңа сабақты немесе өткен материалды берік меңгерту болып табылады. Дидактикалық ойындар барысында балалардың есте сақтау, көру, сезіну, қабылдау, ойлау, сөйлеу процестері дамып, заттарды пішініне, көлеміне қарай іріктеуге әр түрлі қимылдарды орындауға үйренеді.**

Оқу үрдісінде кеңінен қолданылатын ойынның тағы бір түрі ол - дамытушы ойындар. Дамытушы ойындардың маңыздылығы оқушылардың ынта-ықыласын еске ала отырып, оқуды қызықты етіп, білім, білік, дағдыны қалыптастыру. Дамытушы ойындарға қойылатын бірінші талап - оқушының танымдық әрекетін, қызығушылығын дамыту.

Бұл талаптар төмендегідей сұраныстарға жауап береді:

- балаларға өзінің қабілетін көрсете білуге мүмкіндік беру;
- баланы басқалармен жарыса білуге қалыптастыру;
- білік пен дағдыны қалыптастыру үшін білімді өзі ізденуге қамтамасыз ету;
- ойын барысында баланың жаңа білім, білік, дағдылардың қайнар көздеріне жетуі;
- баланың ойын барысында жеткен жеңісі оның жаңа алған білім, білік, дағдыларымен сәйкес келетіндігі.

Осы көрсетілген сұраныстардың ішінде балалардың танымдық әрекеттерін дамытуда, әсіресе, кейінгі үш бөлімнің маңызы зор. Дамытушы ойындардың ішінде оқушылардың өздері қолдан жасап, құрастырып ойнайтын ойыншықтардың орны ерекше. Өйткені, өздері ойын барысында жаңа білім алып, олардың елестету, есте сақтау, ойлау, сөйлеу тілі мен олардың түрлі қабілеттері: конструкциялық, музыкалық, ұйымдастырушылық қасиеттері дамиды [7].

Бастауыш сынып сабақтарында кеңінен қолданылатын ойындар грамматикалық ойындар. Оқушылардың грамматиканы толық меңгеріп, жазу тілін дамытуларына мол мүмкіндік береді. Синтаксистік, морфологиялық талдаулар үдерісі үздіксіз дамып отырады. Сонымен қатар фонетикалық заңдылықтарды да еркін меңгере алады. Олардың қатарына : 1) әріптік, буындық кеспелер; 2) диктант түрлері; 3) жаттығу түрлері; 4) шығарма, мазмұндамалар; 5) әңгіме, мәтін құрастыру; 6) сөздіктер.

Психологиялық ойындар – көбіне таныс емес тақырып кездескенде сұрақ қою арқылы ойналады. Ол оқушылардың ой-пікірлерін бөлісуге, маңызды мәселелерді шешуге, материалдарды қалай түсінгендерін ашық айта білуге септігін тигізеді. Олардың қатарына : 1) психологиялық сынау, сауалнамалар; 2) сурет салу, құрастырулар; 3) пікірталастар; 4) сұрақ – жауаптар; 5) сөздіктер (диалог, монолог).

Сонымен бірге бастауыш сынып оқушыларының назарын аударатын ойын түрлерінің бірі- спорттық ойындар. Бұл ойын түрі берілген тапсырманы орындаумен қатар баланың денсаулығын нығайтып, тағы басқа көптеген қасиеттерін дамытады.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу-тәрбие үрдісін ойын әрекеті арқылы ұйымдастыруда мұғалімге қойылатын әдістемелік талаптарға келесілері жатады:

1. Мұғалім сабақта қолданылатын дидактикалық ойындардың түрін көп білуі.
 2. Оқуда қолданылатын ойын элементтерін балалардың жас ерекшеліктеріне сай іріктеуі.
 3. Барлық ойындардың оқу-тәрбиелік мақсатын анықтауы.
 4. Әрбір қолданатын ойын ережесін жетік білуі.
 5. Ойын ережесін оқу-тәрбие үрдісінде қолдану барысында қатаң түрде сақтауды. Себебі ойын ережесін бұзу салдарынан балалар арасында келіспеушілік пен реніш сезімі туындайды.
 6. Ойынға қажетті құралдар алдын-ала даярлауы.
 7. Ойын ойналатын алаң балалардың өміріне қауіпсіз болуы ережесін сақтауы.
- Демек, ойын арқылы балаларда өмірге қажетті қасиеттерді: іскерлікті, жаупкершілікті, ептілік пен құзыреттілікті тәрбиелейміз.

Әдебиеттер:

1. Хейзинга Й. Homo ludens. Опыт определения игрового элемента культуры // Хейзинга Й. Homo Ludens : Статьи по истории культуры. М., 1997.
2. Берн Э. Люди, которые играют в игры. Игры, в которые играют люди. М., 1996.
3. Шмаков С.А. Игры учащихся - феномен культуры. М., 1994.
4. Букатов В.М. Педагогические тайнства дидактических игр. М., 1997
5. Кукушин В.С., Болдырева-Вараксина А.В. Педагогика начального образования/ Под общ. ред. В.С. Кукушина. - М.: ИКЦ «МарТ»; Ростов н\Д: Издательский центр «МарТ», 2005. – 592 с.
6. Ахметов С. Бастауыш сыныптарда білім берудің тиімділігін арттыру жолдары. Алматы «Рауан» 1994 ж. 63-б
7. Ойын түрлері және оның ерекшеліктері Г. Керімбаева. Бастауыш мектеп //2008 №3.

ПРИМЕНЕНИЕ ДИФФЕРЕНЦИРОВАННОГО ПОДХОДА НА ПРАКТИЧЕСКИХ ЗАНЯТИЯХ ПО ПЕДАГОГИКЕ И ПСИХОЛОГИИ СО СТУДЕНТАМИ ВУЗА

Чикова И.В
Мантрова М.С
(Россия, Орск)

Современные образовательные стандарты вводят новое направление оценочной деятельности – оценку личных достижений обучающихся [6]. Это связано с реализацией гуманистической парадигмы образования и личностно-ориентированного подхода к обучению.

Современная ситуация развития высшего образования настойчиво обозначает в качестве требования – внедрение в учебный процесс новых технологий обучения [2; 8].

Проблема применения современных педагогических технологий в образовательной среде вуза относится к числу наиболее важных в современном обществе [4]. Эта проблема и в настоящее время является предметом дискуссий ученых различных областей научного знания [5; 7].

Технологии важны не как отдельно существующие образования, а как часть целостного процесса формирования компетенций у обучающихся. По определению В.В. Краевского «компетенция» является результатом и может рассматриваться как интегральная характеристика качества подготовки учащихся, их способность целевого, осмысленного применения комплекса знаний и способов деятельности [3].

Исходя, из предыдущего повествования обозначается актуальность дифференциации в образовательном пространстве, индивидуализации обучения.

Дифференцированное обучение представляет собой условное разделение на сравнительно одинаковые по уровню обучаемости группы:

1 группа – студенты которые умеют самостоятельно находить уникальные методы в решении педагогических задач на практических занятиях, с высокими показателями в освоении предметов;

2 группа – студенты имеющие средний темп в выполнении практических заданий, но не умеющие применять полученные теоретические знания на практике;

3 группа – студенты с низким уровнем познания, не умеющие выполнять работу самостоятельно, без помощи преподавателя [1; 3].

Необходимость внедрения дифференцированного подхода на современном этапе подтверждается практикой: студенты учатся самоорганизации, умению проводить самооценку. Более того происходит переосмысление их внутренней мотивации к обучению, а также студент становится активным участником педагогического процесса.

Индивидуальное развитие студента, его личная самооценка на каждом этапе занятия формирует у подрастающего поколения стремление учиться по своему внутреннему убеждению.

Введение оценки личных достижений обеспечивает развитие следующих компонентов личности:

- мотивации,
- саморазвития,
- формирования позитивных ориентиров в структуре Я-концепции,
- волевой регуляции,
- ответственности.

Следовательно, на практических занятиях в образовательном пространстве вуза по психологии и педагогике, выделяют следующие виды индивидуальной и дифференцированной работы:

1. Устная – данный вид работы применим к тем студентам, которые в силу своих физических способностей не могут быстро и хорошо писать;

2. Письменная – этот вид работы необходимо использовать со студентами, которые устно не могут сформулировать и высказать свои мысли;

3. Фронтальный опрос. Во время этого вида работы есть студенты, которые проявляют большую активность, чем другие;

4. Опережающее обучение. При данном виде работы необходимо заранее раздавать материал для следующего занятия с новой темой, чтобы студенты прочитали этот материал.

5. Работа по карточкам (тестовые задания, самостоятельные и проверочные работы). Разрабатывая тестовые задания, задания для самостоятельных работ, вопросы, всегда необходимо продумывать, какому студенту в группе будет дано то или иное задание, а если этот студент будет отсутствовать, то кому другому. Учитывая индивидуальные способности и возможности студентов, важны задания повышенного уровня сложности - студентам, с сильными сторонами учебной деятельности.

Результаты нашего экспериментального изучения проблемы применения дифференцированного подхода в образовательном пространстве вуза позволили выделить три основных компонента:

1. Психологические основы дифференциации студентов на группы;

2. Педагогические технологии, разработанные с учетом психологических особенностей групп;

3. Потенциальные возможности преподавателей вуза по реализации дифференцированного подхода на практических занятиях по педагогике и психологии.

Все три компонента объединяет общая цель – создание оптимальных психолого-педагогических условий, обеспечивающих положительную динамику социально-профессиональной адаптации студентов.

Задачи, с помощью которых возможно достижение цели, конкретизируются с учетом направлений реализации дифференцированного подхода [5].

Первое направление основывается на специфике задач адаптации студентов первокурсников.

Второе направление учитывает индивидуально-психологические особенности студентов как субъектов учебной деятельности:

1) группы студентов, ориентированных на получение знаний, с достаточно устойчивой внутренней мотивацией, с высоким или средним уровнем развития интеллекта;

2) группы студентов, ориентированных на получении знаний и с достаточно устойчивой внутренней мотивацией и средним уровнем;

3) группы студентов, ориентированных на получение высшего образования, с внешней мотивацией в учебной деятельности, с высоким или средним развитием интеллекта;

4) группы студентов, ориентированных на получение высшего образования, с внешней мотивацией и низким уровнем интеллекта.

Третье направление предполагает учет индивидуально-психологических особенностей студентов в контексте развития позитивной «Я-концепции», уровня сформированности профессионального самосознания, профессиональной направленности; профессиональных установок.

Профессиональная направленность личности развивается, когда студенты активно усваивают материал, у них формируются компетенции ряда дисциплин: психологии, общей и профессиональной педагогике, методике профессионального обучения, они овладевают педагогическими технологиями и педагогическим мастерством [2].

Анализ опыта работы преподавателей показал, что реализация дифференцированного подхода на практических занятиях студентов в вузе, проявляется в специфике предъявления задания студентам с разным уровнем развития интеллекта и особенностей мотивации: легкости – трудности; конкретности-обобщенности; степени самостоятельности в выполнении; в репродуктивности – креативности процесса решения и его результата, объема усваиваемого учебного материала на семинарских и лабораторных занятиях, в самостоятельной работе студентов.

Имеет место и дифференциация в системе применения фонда тестовых заданий разработанных преподавателями по каждому предмету для оценки качества полученных знаний, умений и навыков.

Таким образом, рассмотренные нами особенности в реализации дифференцированного подхода к профессиональному обучению студентов в вузе затрагивают в большей степени обозначенные нами выше второе и третье направления в изучении проблемы.

ЛИТЕРАТУРЫ

1. Ерофеева Н.Е. Кластерный подход как основа сетевого взаимодействия образовательных организаций в системе вуз-школа / Н.Е. Ерофеева, Г.А. Мелекесов, И. В. Чикова // Азимут научных исследований: педагогика и психология, 2016. - № 4 (17). - Т. 5. - С. 126-129.

2. Долгова В.И., Нуртдинова А.А. Исследование профессионально-педагогической направленности личности студентов // Современные проблемы науки и образования. – 2017. – № 6. - URL: <http://science-education.ru/ru/article/view?id=27043> (Дата обращения 18.11.2018 г.).
3. Краевский В.В. Основы обучения: Дидактика и методика [Текст]: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / В.В. Краевский, А.В. Хуторской. – М.: Издательский центр «Академия», 2007. – С. 352.
4. Селевко Г.К. Педагогические технологии на основе активизации, интенсификации и эффективного управления УВП / Г.К. Селевко. – М.: НИИ школьных технологий, 2005. – С. 288.
5. Якиманская И.С. Технология личностно-ориентированного образования. – М., 2000.
6. Спиридонова М.Е. Возможности дифференцированного подхода и технологии осуществления индивидуального подхода к студентам // М.Е. Спиридонова // В сборнике : [Инновационные тенденции развития системы образования](#) Сборник материалов VII Международной научно-практической конференции. Редколлегия: О.Н. Широков [и др.], 2017. - С. 196-198.
7. Чикова И.В. К проблеме взаимодействия субъектов образовательного пространства вуза / И.В. Чикова, Г.П. Шолохова. В сборнике : Университетский комплекс как региональный центр образования, науки и культуры : Материалы всероссийской научно-методической конференции (с международным участием). – Оренбург, 2015. – С.2177 – 2179.
8. Чикова И.В. К вопросу классификации интерактивных технологий / В сборнике: *Фундаментальные и прикладные научные исследования : актуальные вопросы.*

ОПЫТ СОЗДАНИЯ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО ПАСПОРТА КРЕАТИВНОСТИ ЛИЧНОСТИ БУДУЩЕГО ПРЕПОДАВАТЕЛЯ

Абдиева С.М.

(Узбекистан, г.Самарканд)

Процесс подготовка будущего преподавателя сложен, многоаспектен, ответствен.

В этой системной деятельности, в которой участвуют кафедры, преподаватели и сами студенты, как субъекты взаимоотношений, от их интересов, подготовленности, материально-технической оснащенности условия вуза зависит достижение цели.

С точки зрения психологии, развитие профессиональных знаний, умений, навыков и аксиологических качеств личности будущего специалиста – это такая многоаспектная деятельность педагога и студента, что связана с управлением психологических новообразований. Эти психологические новообразования связаны с процессами отражения и восприятия информации, запоминания её в памяти и омысления в мышлении, с реализацией полученных знаний и представлений в непосредственной или имитационной деятельности, где активно участвуют воображение, способности, свойства темперамента и характера. А отношение личности к этим новообразованиям выражается в эмоциях и чувствах развивающего специалиста. Положительные эмоции от результатов полученных информации, их понимания и практической реализации, где происходит превращение знаний и представлений в умения и навыки, т.к. тут происходит развитие практической методической подготовки личности. Это активизирует волевую структуру познающего.

Если процесс познания явлением, то каждый педагог обязан знать эти психологические закономерности. По существу дела, педагог управляет развитием психических новообразований во внутреннем мире будущего специалиста, что состоит из единства рационального, иррационального и волевого.

Современной педагог, работающий в ВУЗе, по нашему мнению, должен иметь не только общепрофессиональную, но и профессиональную специальную подготовку. Он

должен иметь глубоко знания, умения и навыки по психологии познавательного процесса профессионально развивающего специалиста. Так как он управлять этим познавательным процессом, то он должен на высоком уровне знать и практические реализовать закономерности кибернетики, то есть закономерности управленческого процесса.

Современный педагог, управляя познавательным процессом, целенаправленно развивая профессиональные знания, умения, навыки будущего специалиста, постепенно этот процесс направляет на самоуправление самими студентами. Он использует закономерности управления как: определение противоречия, выяснение, определение цели, определение задач и методов достижения цели, опора на диалектико-синергетическую методологию, определение объекта и субъекта воздействия, диагностика, прогнозирование, принятие решения, принятие решения, организация деятельности, оценку результатов и других.

Сточек зрения науки управления можно прогнозировать развитие любого процесса, явления, если имеются реальные диагностические данные об этих явлениях на данное время.

Психолого-педагогическая диагностика состояния первоначальной готовности к профессии у будущих специалистов должна вестись ещё на этапах обучения учащихся в школах, лицеях, коллежах.

Нормальная диагностическая работа позволяет управляющему процессами познания и развития профессиональных качеств личности будущего специалиста, ясно представить и осознать состояние готовности, студентов на которое направляется целенаправленное воздействие. Только на основе верной, научно-обоснованной диагностики можно попытаться реально прогнозировать и моделировать будущее состояние явления и процесса.

Мы своем исследовании в четырех группах третьекурсников Самаркандский государственный институт иностранных языков провели комплексное исследование психологического состояния развитости профессионально важных интеллектуальных и других психических качеств, свойств личности. На основе полученных данных попытались создать диагностический паспорт креативности(способности) будущего специалиста.

Для проведения диагностической работы по выявлению мотивации, целеполагания, уровня развитости памяти и мышления, восприятия и воображения, эмоционально-волевых и индивидуально-типологических черт как способности, характер и темперамент, также навыков общения, мы создали психологические тесты, анкеты и опросники. Для выявления логичности мышления студентов использовали тест Равена, для выявления уровня креативности(способности) мы создали специальный психологический тест для диагностики креативности, что состоит из 43 задач разного уровня трудности, по которым были определены качества анализа, синтеза, умозаключения и систематизации в мышлении. Также этот тест имел задачи по математике, языку, географии, биологии, физике, геометрии и др. Темперамент и характер определялся психологическим тестом А. Белова. Состояние агрессивности диагностировалось тестом Басса–Дарки. Таким образом, используя эту комплексную методику мы смогли определить состояние психолого- педагогической, личностной учебно-познавательной развитости каждого студента на индивидуальном уровне.

Такая диагностика фиксировалась в определенной тетради перспективного индивидуального профессионального развития каждого студента. Групповой руководитель курса досканально изучает эту диагностическую информацию о каждом студенте, у него сформируется ясное представление о реальном состоянии развитости интеллекта и познавательных возможностей конкретного студента. Он вместе с заведующими кафедрами, деканом и предметными преподавателями составляет модель,

проект индивидуального развития студента в течении 4 лет на основе научного прогнозирования.

Рассмотрим результат, проведенного исследования, на примере восьми студентов 3-х курсов, которые участвовали в эксперименте. Полученные данные приведены в таблице 2.

Опираясь на общие положения педагогической науки, авторы-составители стремились изложить материал доступным для студентов языком с максимальным использованием примеров из практической деятельности учителей, детских спортивных тренеров, организаторов физической культуры и спорта. Это положение было особенно необходимо при наличии в вузах специальных отделений с казахским языком обучения, студентов поступивших на факультеты из сельской местности.

Литература:

1. Абдыгаппарова С.Б и др. Основы кредитной системы обучения. Под общей редакцией А.А. Куликеева и др. – Алматы, 2004;
2. Аджиева Е.М. и др. 50 сценариев классных часов. – М., Центр: «Педагогический поиск», 2005;
3. Пересветов Н.Н. Воспитательная работа: опыт, теория, методика. – Уральск, 2007; Пересветов Н.Н., Аспекты физкультурно-спортивного краеведения. – Уральск, 2015;
4. Прохорова М.В., Сидоров А.А., Синюхин Б.Д., Семенов А.Г.. Педагогика физической культуры: Учебник. – Издательство «Путь»: ТИД «Альянс», 2006.

КҮШ ТӨЗІМДІЛІГІНІҢ ДАМУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ БҮЛШЫҚЕТТІҢ ҚОЗҒАЛУ КЕЗІНДЕГІ БЕЙІМДІЛІК МЕХАНИЗМІ.

Турдалиев Р.М.
(Қзақстан, Орал)

Бүгінгі зайырлы заманымызда дүниежүзі бойынша бодибилдинг, фитнес, ауыр атлетика т.б күш қажет ететін спорт түрлері қарқынды дамып келеді. Соңғы кездері олаға деген қызығушылық біздің елімізде де жоғарылады. Атлетизм жаттығуларымен әртүрлі жастағы және жыныстағы адамдар өздерінің денсаулығын жақсартуды мақсат етеді.

Күшті қажет ететін спорт түрінің көмегімен адам күш төзімділігін арттыруға және буындарының қатаюына жол іздейді. Бәрімізге белгілі, бұлшықетке түскен

жүктеменің әсерінен бұлшықеттің күші және оның ұзақ уақыт жұмыс қабілеттілігі артады. Осының есебінен бұлшықеттің күш төзімділігі және күш артады.

Дене бұлшықетінің күш төзімділігі механизмі – көптеген компоненттерден тұратын, мейлінше күрделі процесс. Егер бір жақындау бұлшықеттегі қан тасымалдауды талап етсе, келесісі – гипоксияны, яғни сол бұлшықет талшықтарының төзімділігін қамтамасыз етеді. Ақыр соңында, қан құрамындағы лактатты және басқа да анаэробты метаболиттер шикізаттары концентрат деңгейінің жоғарылауы бұлшықеттің қысқаруы қасиетін төмендетеді. Субмаксималды жұмыс кезіндегі ең ұзақ бұлшықет төзімділігі жоғары максималды оттегін қажет (МОҚ) ету және жұмыс үстіндегі бұлшықетті қан және оттегімен жеткілікті тасымалдаудың нәтижелілігімен түсіндіріледі. Сондықтан, автор спорттағы теория мен практикада біржақты және төзімділіктің барынша қолайлылығы, яғни негізінен жұмыс үстіндегі бұлшықетке қан және оттегімен жеткілікті тасымалдауды қамтамасыз ететін демалу және жүрек-қан тамыр жүйесінің функцияларына тікелей байланыстылығын атап көрсетті.

Күш төзімділігін арттыру бұлшықет іскерлігінің нәтижесінде ағзадағы мейлінше күрделі кешендік өзгерістерге негізделген. Қазіргі уақытта күш төзімділігін арттыру және механизмдердің дамуы, жетілдіру негізінде қалыптасқан дәстүрлі көзқарастар қайта қарастырылуда.

Спорт дене мәдениеті теориясы, әдістемесі және практикасы саласындағы ең маңызды концепцияларының бірі спортшының функциональдық резервтерін жаттығу процесінде қолдануға бейімделу туралы концепция болып отыр. Бейімделу туралы концепцияны кешенді түрде құрастырған Г. Сельенің әдебиетінде: Күш төзімділігінің бейімделу синдромының бірінші кезеңі (қорқыныш кезеңі) – ағза функциясының бұзылуы. Бұзушы қимылдың алдын-алу үшін ағза ескертеді. Екінші кезеңі – тітіркендіргіш амалдарына көшу фазасы. Қайталанған тітіркендіргіштің қимылына ағзаның қарсы тұру бейімділігі артады. Үшінші кезеңі – қажу, бейімделудің шегі. Жалпы айтқанда, жүктеменің әсерінен ағзаның қарсы тұру бейімділігі артады, соның есебінен спорттық нәтижелер артады, бірақ ол бейімділіктің шегіне жетеді. Бұлшықет аппаратының анатомиялық бейімділігі бұлшықет талшықтарының гипоксиясымен байланысты. Дене бұлшықет гипоксиясын зерттеушілердің бірі П.З.Гудзь болды. Ол екі түрлі бейімделу механизмінің бар екенін атап көрсетті: бұлшықет талшықтарының гипоксиясы және олардың сандарының көбеюі (гиперплазия). П.З.Гудзьтің тағы бір анықтауынша, қаңқа бұлшықет талшықтарының гипоксиясы бір уақыттағы қозғалыс нерв талшықтарының көбеюін, кейде олардың жаңадан түзілуін байқады. Дене бұлшықет талшықтарының көпшілік гипоксиясы бұлшықеттің бүгілуі және жазылуы салдарынан «күш немесе күш төзімділігінің» артуы рациональділігін, тиімділігін және жасушааралық талшықтардың гиперплазиясының болуына әкеледі (талшықтардың сандарының көбеюі).

Дене бұлшықет талшықтарының бөлінуі шамадан тыс гипертрофияға ұшырағанның нәтижесінде болады. Практика жүзінде, әдебиеттердегі күш төзімділігін арттыру бағытындағы бағдарламалар жаттығу процесі кезіндегі күшті стрестің әсеріне негізделген. Бұл стресс бөлек бұлшықет топтарының шамадан артық гипертрофиясын туғызып, дайындық деңгейіне қарай нәтиженің оң немесе теріс болуы мүмкін. Қазіргі уақыттағы бұлшықет іскерлігінің жүктеудегі ағза «рациональді» бейімділігінің механизмі мен заңдылықтарын барынша терең зерттелгенмен, ескеретін жайлар бар. Атлетизмдегі рациональді жол жүктемені зорланып көтеру және бұлшықетті жүктеуге аз уақыт бөлу себептерінен болмай отыр.

М.Коцтың еңбектерінде көрсетілгендей, максималды анаэробты күшею жаттығу ұзақтығының шыңдалуы 10 сек. жеткенде болады. Максималдыға жақын анаэробты күшею жаттығу ұзақтығының шыңдалуы 20-50 сек. жеткенде болады. Атлеттің 40-60 сек. уақыт ұзақтығында жұмыс істеуі барынша тереңдете фосфогенді, лактацидті белсенділікті және оттекті энергетикалық жүйесіне қатысты қимылдауларды болдырады. Бір жаттығуды орындау кезінде метаболиттердің түзілуі максималды артады. Бодибилдингтің спортының тілімен айтқанда, мұндай күштік жүктеме бұлшықеттегі белокты синтездеу индукциясы үшін қажетті

және жеткілікті деп қарастырылады. Ары қарай жұмыстың жалғастырылуын жасуша резистенттігін және қысқару процесіндегі энергетикалық потенциалдың жұмсалуды үшін гомеостазаны демеп отыруға бағытталады .

Әдістемелік нұсқауларды талдай келе, әртүрлі деңгейдегі атлеттерді дайындауда атлетизмде бір жақындау (подход) көлемінде шектеулі жүктемемен жаттығу сирек қолданылады. Ал әр жаттығудағы жақындаулардың санын көбейту есебінен күрделі метаболикалық құбылыстардың тиімділігі артады . Бұл жағдайда, әрине, қалыпты жағдайдан гомеостаз параметрлерінің ауытқу дәрежесі кем болғандықтан протеинсинтездердің барлық жүйедегі белсенділігі жұмылдырылмайды. Бұлшықеттің жүйелі іскерлігінің әсерінен протеинсинтездердің белсенділігінің негізгі маңыздылығы АТФ азық-түлігінің ыдырауында байқалады .

А.А.Вирудің бекітуінше, бұлшықеттің жүйелі іскерлігі белок алмасуының болуымен негізделеді, ал бейімділік өзгерісі қалыптасу механизмдерінің жетілуімен байланысты және жаттығу жүктемелері арқылы ағзаға әсер ету жолымен жұмыс іскерлігін арттыру гомеостаз тыныштығын бұзады.

М.Йезистің көрсетуінше , нәтижелердің өсуі (максималды күш) 6-12 апталық қатаң хаттамалы жағдайда жаттығу сабақтарын жүргізудің нәтижесінде жүзеге асады. Осының салдарынан, 2-3 айдан кейін осы жаттығу сабақтарындағы өзгерістерге қарсы тұруға қабілетті бұлшықетте фермент және құрылымдық белоктар жиналады. Бұл жағдай нәтиженің ары өсуіне тежеу болады. Солай бола тұра, бұлшықеттің арнайы қысқару механизмі шексіз, тек бұлшықеттерді жүктеуде жаңа нұсқаларды таңдай білу қажет. Таңдаудың тиімді жолы бұлшықет бейімделген қабілеттіліктен жоғары деңгейге көшу болып табылады.

Адам ағзадағы энергия көзінің универсалдылығы АТФ болып табылады. Тек осы АТФ қатысуымен (ыдырау және ресинтездің) алмасудың үш түрі жүзеге асады: пластикалық, функциональді және энергетикалық. Пластикалық және функциональдық алмасулардың арасында АТФ-ты менгеруді қалайтын қарсы тұру қатынасы болады. Ол қосалқылар ер адам бұлшықетінің 0,25% құрғақ заттарын құрап, қарқынды жұмыс кезінде алғашқы 0,25 с уақытта жұмсалады. АТФ ресинтезі негізінен үш тәсілмен орындалады :

- Аэробты (сүт қышқылы тотығады), аэробты қабілетті сипаттайды;
- Гликолитикалық (гликоген бұлшықеттері, бауыр жұмсалады), гликолитикалық қабілетті сипаттайды;
- Креатинфосфатты (КрФ), алақатты қабілетті сипаттайды.

Қазіргі таңда мамандардың қалыптасқан көзқарастары бойынша, бұлшықеттің күш төзімділігінің дамуы арнайы бұлшықетаралық өзгерістермен анықталады: бұлшықет жұмысы кезіндегі митохондриялардың жалпы салмағының артуы және АТФ ыдырату (синтездеу) үшін қанмен таратылған оттегін пайдалануда бұлшықет қабілеттілігінің өсуі . Осыған байланысты, бұлшықетаралық факторлар, кардиореспираторлықпен бірге, спортшылардың күш төзімділігінің артуына айтарлықтай үлесін қосады.

Дене күшінің және күш төзімділігін дамытатын спортшылардың субсарколеммалық митохондриялардың тығыздығы, тек бір ғана күш төзімділігін немесе аэробты төзімділікті жетілдіретіндерге қарағанда жоғары болады . Бұл жердегі жұмыс іскерлігін көтерудегі шешуші факторлардың бірі диффуздық жағдайының күшеюі басқаша айтқанда, жұмыс қабілеттілігінің артуы болып табылады.

Жоғары максималды күштерді бағындырған кезде, жұмыс гипертрофиясы миофибриллдердің көлемінің өсуімен байланысты, яғни бұлшықет талшықтарының өзіндік қысқару аппаратымен байланысты . Бұлшықет салмағын артыруға жаттыққанда талшықтарының жуандауы саркоплазманың көлемінің өсуі есебінен болады (яғни, қысқармайтын оның бөлігі). Бұл құбылыстар бұлшықеттегі метаболикалық резервтердің артуына (гликоген, креатинфосфат, миоглобин) және олардың тотығу қабілетінің жақсаруына әкеледі .

Денедегі бұлшықет бейімділігінің сипаттамасы талшықтардың көлденең жуандығы ауданының бастапқы деңгейімен анықталады: бұл деңгей төмен болған сайын, гипертрофияның мүмкіндігі жоғары, тіпті жаттығуды күш компонентісіз орындаса; деңгей жоғары болған сайын, диффуздық жағдайдың азаюы бағытындағы бейімділік мүмкіндігінің дәрежесі жоғарылайды, яғни бұлшықет гипертрофиясы .

Бәрімізге белгілі, бұлшықет талшықтарының екі негізгі типі: баяу талшықтар (I тип, тотықтыратын) және тез талшықтар (II тип, гликолитикалық). Өз кезегінде, тез талшықтар екі типшеге бөлінеді: II-A типше (тез гликолитикалық-қатынастық) және II-B (тез гликолитикалық) . Аталған талшықтар типтері физиологиялық көзқараспен айтқанда, күш, бір рет қысқарудың жылдамдығы және қысқарудың ұзақтығы қабілеттігіне айырмашылықтарымен өзара бөлінеді .

Баяу және тез типтердегі талшықтардың пайыздық қатынасы бұлшықет талшықтарының өлшемдерінің динамикалық өзгеруіне әсер етуі мүмкін. А.Н. Некрасовтың тұжырымдауынша, бұлшықеттегі II типті талшықтардың мөлшері кем болған сайын, сол талшықтардың өлшемі де көп болады. Әдетте, көлемі 80-85% құрайтын миофибриллдердің өсуі есебінен бұлшықет талшықтарының гипертрофиясы артады. Миофибриллдердің көлемінің артуы интенсификация процесіндегі белоктың ыдырауымен қатар және оның ыдырауының ингибирленуімен болады. I типтегі бұлшықет талшықтарының гипертрофиясы протеолитикалық процесстердің ингибирлену жолымен болса, II типтегі қысқарту белоктарының ыдырауы процесінің күшеюі есебінен болады .

С.Шенкманнның зерттеулерінің нәтижесінде, әртүрлі жаттығулардың әсерінен бұлшықеттің қалпының, өлшемі және тотығу потенциалының түрліше көрсеткіштер береді. Атап айтсақ, авторлар тұжырымдайды, атлетикалық гимнастика сабақтарынан кейін, тез бұлшықет талшықтарының көлденең қимасының ауданы (КҚА) 20%-ға өсетіні анықталды. Баяу талшықтардың КҚА дәлдігінің өзгеруі байқалмады. Авторлардың болжауынша, аз уақыт ішіндегі қарқынды жұмысында, тек шаршауға бейімді тез бұлшықет талшықтарында гипертрофияға жағдай жасалады.

Тағы да айтып кететін маңызды жайт, атлетикалық гимнастиканы сабағын, мысалы, ауыр атлетикамен салыстырсақ бұлшықеттің күш төзімділігі тотығу потенциалына әртүрлі әсер етеді.

Жоғарыда аталған тұжырымдарға сүйенсек, миофибрилдік және саркоплазматикалық компоненттердің гипоксиясын күшейте отырып, тотығу потенциалының қабілеттілігін жоғарылатпайды. Мұндай бейімділік сипаттамасы ауыр атлетиканың (жақындаулар санының аздығы, әр жақындаудағы максимальдік жүктеменің жоғары болуы) физиологиялық ерекшелігімен байланысты, яғни энергетикамен қамтамасыз етілудің аэробты компонентінің толығымен болмауымен сипатталады. Осыған қарама-қарсы, атлетикалық гимнастикада жақындаулардың көптігі және жаттығу сабақтарындағы жүктеменің деңгейі максимальдіге жуық (субмаксимальді) болуы. Бұл гипертрофияланған талшықтарда тотығу ферменттерінің мазмұндарының абсолюттік өсуін қамтамасыз етеді .

Қорыта келе, күштік жаттығу сабақтарында үлкен салмақпен және аз қайталау санымен айналысу тез бұлшықет талшықтарының санының мөлшерін арттырады. Жаттығуды үлкен емес салмақпен және көп қайталау санымен орындағанда белсенді түрде тез және де баяу бұлшықет талшықтары санының мөлшері бірге артады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бельский И.В. Особенности методики атлетической гимнастики режиме свободного времени студентов: Автореф. Дис. ... канд.пед.наук. – Минск, 1990. – 24 с.
- 2 Волков Н.И. Туризм или атлетическая гимнастика // Теор. и практ. физ. культ. 1966. - №1. – С.53-57.
- 3 Мамытов А.М. Соотношение средств общей физической подготовки в занятиях атлетической гимнастикой: Автореф. Дис. ... канд.пед.наук. – М., 1981. – 24 с.

- 4 Медведев А.С. Система многолетней тренировки в тяжелой атлетике: Учебн. пособие для тренеров. – М.: Физкультура и спорт, 1986. – 272 с.
- 5 Петров В.К. Силовые упражнения в оздоровлении людей разного возраста // Теор. и практ. физ. культ. 1993. - № 10. – С.7-8.
- 6 Роман Р.А. Тренировка тяжелоатлета в двоеборье. - М.: Физкульт. и спорт, 1984. – 152 с.
- 7 Скворцов И.А. Акцентирование увеличение силы и мышечной массы // Атлетизм. – 1991.- № 1-2. – С. 31-34.
- 8 Сухоцкий И.В. Силовая подготовка учащихся ПТУ допризывного и призывного возрастов: Метод. пособ. для ПТУ. – М.: Высшая школа, 1990. – 80 с.
- 9 Черняк А.В. Методика планирования тренировки тяжелоатлета. – М.: Физкультура и спорт, 1978. – 136 с.

ИНФОРМАТИКА ПӘНІН АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ЖАҢА ТҰРҒЫДА ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Кушалиева Г.М
(Қазақстан, Орал)

Қазақстандық білім беру реформасының басты мақсаттарының бірі – инновациялық технологияларға сүйене отырып, оқушының бойында шығармашылық ойлауды, бастамашылдықты дамытуға мүмкіндік жасау, тұлғаның үйлесімді дамуына қолайлы жағдай туғызу нәтижесінде оның өзіндік мүмкіндіктерін жоспарлы пайдалана білуіне қол жеткізу арқылы тұлға біліктілігін қалыптастыру. Білім жүйесі ел өміріндегі стратегиялық маңызды сала болып табылатындығы белгілі. Ал, оқу үдерісіндегі дәстүрлі әдістердің озық заман талабына жауап бере алмайтындығы өзінен-өзі түсінікті. Бүгінгі уақыт талабына сай білім беруді одан әрі жетілдіру оқу-тәрбие үдерісіне озық тәжірибені, ғылыми жетістіктерді енгізуді талап етеді. Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін – өзі дамытып, оқу үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Педагогикалық қызметке ынтасы жоғары, білім беру саласындағы үнемі жаңарып отыратын өзгерістерге икемді, жаңа технологияларды оқу-тәрбие үрдісінде қолдана алатын мұғалім ғана қоғамдағы өзгерістерге бейім оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруда түйінді тұлға болып табылады. Бүгінгі таңда білім берудегі басты міндет әртүрлі әдіс – тәсілдерді, жаңа технологияларды қолдана отырып оқушының пәнге деген қызығуларын арттыру және білім сапасын жақсарту.

Елбасының жолдауында «Білім беру жүйесі реформасының орталық буыны осы заманғы білім беру үрдістерін, ақпараттық технологияларды жаппай енгізу, бұл кезеңде назарды оқушылардың біліктілігін арттыруына аудару қажет» дегеніндей, біз инновациялық оқытуды тәжірибемізге енгізіп, ойлау қабілеті дамыған, өз бетінше шешім қабылдай білетін білімді ұрпақты тәрбиелейміз.

«Инновация» термині ғылымға XIX ғасырда енді. XX ғасырдың екінші жартысында инновация әлеуметтік өзгерістердің жалпы үрдістерінің сатысы ретінде қаралып, оның негізгі элементтері атап көрсетілді: «жаңашылдық», «жаңашыл», «бағалаушылар». Үрдістің сындарлы, өзгермелі мерзімін қандай да бір жаңа енгізілмелерге сәйкес «бағалаушылардың» іс-әрекетіндегі өзгерістер айқындайды.

Жаңашылдық – нағыз құрал, ал инновация осы құралды меңгеру үрдісі. Сауатты түрде таңдап алынған жаңашылдық барынша мүмкін дәрежеде жаңа енгізілімнің табысқа жетуіне кепілдеме беруі тиіс. Инновациялық үрдіс деп жаңалықты жасау, меңгеру, пайдалану және тарату бойынша жүргізілетін кешенді іс-әрекетті айтады.

Бүгінгі жағдайда жаңа ғылыми, тәжірбиелік білімді жасау және оларды меңгеру мен іске асыруды инновациялық тұрғыдан қарастыруға болады.

Педагогикалық технология оқу үрдісімен, яғни мұғалім мен оқушының іс-әрекетімен, оның құрылысымен, құралдармен, әдістері және түрлерімен түбегейлі байланысқан. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнен асқан шеберлікті, арнайы дайындық пен ізденісті, сауаттылықты қажет етеді. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар оқушыны оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Бұл жаңа технологиялар шығармашыл қабілеттің дамуына жағдай туғызады. Әр мұғалім қазіргі жаһандану саясатына сәйкес жаңа технологияны өз ыңғайына, пәніне лайықтап пайдалануға тиіс. Сабақты тартымды өткізу және оқушылардың оқуға деген қызығуын арттыру үшін әр сабақты түрлендіріп, арттыруы шарт. Ол үшін тек бір технологиямен шектеліп қалмай, әр түрлі технологияның сан қилы элементтерін пайдалану артық етпесі анық. Сабақта мәселелік оқыту технологиясының басты мақсаты – оқушыны өз бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдылығы мен шығармашылық икемділіктерін дамыту. Ерекшелігі: оқу материалында баланы қызықтыратындай құпиясы бар мәселе туғызу.

Инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту – бұл таным әрекетін ұйымдастырудың арнаулы формасы. Сабақтың қызықты да түсінікті болуы мұғалімнің шеберлігі мен ізденімпаздығына тікелей байланысты. Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру үшін сабақты түрлендіріп өту керек. Осындай жұмыс барысында жаңашыл мұғалімдердің тәжірибесіне сүйене отырып, сабақты түрлі іскерлік ойындар, жарыстар түрінде, пәнаралық байланыс түрінде, көрнекіліктермен, дидактикалық материалдар пайдалана отырып өтсе, балалар қызығатын сияқты. Ол үшін оқытудың жаңа технологияларын, қашықтықтан оқыту, ақпараттық – коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану секілді ауқымды мәселелердің өзектілігі артады.

Информатика мұғалімдерінің педагогикалық жұмысына қойылатын талаптарының басқа пәндер мұғалімінің жұмысына қойылатын талаптардан гөрі елеулі ерекшеліктері, айырмашылықтары бар. Сол талаптарды іске асыру - мұғалімнің жұмыстарының мақсаттылығын күшейтіп, сабақтан тыс уақытында нәтижелі әрі құнды материалдарды ұйымдастыруына мүмкіндіктер туғызады. Дидактикалық материалдар информатика оқулығының негізінде алынған өзіндік, бақылау және тесттік тапсырмалардың, пысықтау сабақтарының, қызықты есептердің жиынтығы болып табылады. Дидактикалық материалдарға енетін өзіндік жеке жұмыстар тек оқыту сипатына, жаңа өтілген материалдарды пысықтауға және бекітуге арналып беріледі. Ол тапсырмалар оқушылардың біліктіліктерін, дағдыларын қалыптастыруға көмектесуге және олардың білімдерін тексеруге бағытталған. Бақылау және тесттік жұмыстарды жүргізуде өзіндік жұмысқа қарағанда уақыт көлемі қатаң ескеріледі. Дидактикалық материалда ұсынылатын тест тапсырмаларының сұрақтары өте анық, түсінікті, ой тұжырымын жасауға өте ыңғайлы болуы тиіс. Тест тапсырмаларды пайдаланып, нәтижесіне талдау жасай келе, мынадай қорытынды жасауға болады. Тест тапсырмалары оқушылардың қандай материалды игеріп, қай материалды қандай тәсілмен түсіндіру қажет екенін анықтауға да мүмкіндік береді. Дидактикалық ойындар – сыныпта жүргізілетін жұмыстардың ең қызықтысы. Ойынның қай түрі болса да, оқушыларды өзіне тартып әкететіні белгілі.

Оқушылардың пәнге қызығуын шығармашылықпен ойлауын және білім сапасын арттыруда сабақта қолданылатын ойын элементтерінің рөлі зор. Ойын элементтерін пайдаланудың оқушылар білімін тиянақты етудегі зор мүмкіндігін ескере отырып, мен өз іс тәжірибемде бірнеше ойын түрлерін қолданамын. Сабақта ойын элементтерін қолдану оқушылардың жоғары көңіл күйін туғызады. Ал мұның өзі оқушының белсенділігін, дербес ойлануын, қызығуын арттырып, сабақты қабылдауға, барынша қолайлы ықпалын тигізеді. Ойынның қандай түрі болса да жалқау, енжар балалардың

ынтасын арттырып, білімге қызықтырады. Сабақ үстінде кроссворд шешуге арналған қысқаша бақылау жұмыстарының да орындауға болады. Кроссворд жасау - үй жұмысы. Балалар әдебиетпен танысып, терминдерді қайталайды, жаңа ұғымдарды біледі. Мұғалім олардың тереңдігін, жаңа сөздер санын кроссвордтың құрылу күрделілігін, қателерді тексереді. Кроссвордтармен жұмыс істеу балаларға ұнайды, сабақты қызықты етіп өткізуге көмектеседі. Олар оқушылардың шығармашылық жұмыспен айналасуына түрткі болады, олардың тек компьютерге жұмыс істеуге ғана қызығушылығын емес, пәннің теориялық негіздерін білуге ынталандырады. Анаграммалар, ребустар және кроссвордтардан да басқа ойын технологияларын пайдалануға болады. Мысалы, «Литерлік шамаларды өңдеу операциялары» тақырыбын өткенде, қиып алып желімдеу операцияларын да қарастыруға болады, олардың жаңа сөздер табуға көмектесетінін де айтып кеткен жөн. Информатика пәні -басқа пәндерден алған білімдерді пайдаланушы және оны дамытушы пән. Демек, оқушылардың ғылыми дүние танымының, көзқарастарының негізі олардың басқа пәндерден алған білімдерін жинақтау нәтижесінде қалыптасуы керек. Бұл пәнаралық байланыс арқылы жүзеге асады. Пәнаралық байланыс - күрделі педагогикалық проблемалардың бірі. Информатика сабағына интерактивтік әдісті қолданудан оқушылардың білімі тиянақталады, білімі тереңдейді, өздігінен кітап оқуға дағдыланады, өмірмен байланыстығын, информатика пәнінің түрлі пәндермен байланысты екендігіне көздері жетеді. Компьютерді, экологияны, табиғатты қорғауға, экономиканы жобалауға, мәдениетті дамытуға, информатиканы география, физика, химия, еңбек, құқық, математика пәндерімен, медицина ғылымдарымен байланыстыруға болады. Міне осындай тәсілдермен өзгермелі ортада тиімді шешімді жылдам қабылдай алатын, өзіндік ойлау қабілеті бар, өзін-өзі жетілдіре алатын, жаңа типтегі адамды қалыптастыруға, тәрбиелеп шығаруға болады. Осындай қасиеттері бар адам элеуметтік жағынан да өзін- өзі жақсы қорғай алады. Ендеше қоғам талабына сай білім беру үшін жаңа педагогикалық технологияларды әр түрлі оқыту әдістерімен сабақтастыра жүйелеп, заманауи тиімді білім беру жүйесін жасақтай білуіміз керек.

Әдебиеттер

1. Нурпеисова Т.Б., Кайдаш И.Н. Информационно-коммуникационные технологии. Алматы: Бастау, 2017
2. Кастельс М. Информационная эпоха: экономика, общество и культура. Москва 2000.
3. Печенкин В.В. Информационные технологии в структуре информационного общества. Саратов, Изд-во СГУ. 2001.
4. Баймұманов Б., Қараев Ж. Дидактические особенности использования информационных технологий обучения//Высшая школа Казахстана–2000.

МУЗЕЙЛІК ПЕДАГОГИКА БАЛАЛАРДЫ ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ РЕТІНДЕ

Мендигалиев Б.С, Тойжигитова Б.Б, Өтепова М.С.
(Қазақстан, Орал)

Музейлік педагогика бүгінгі таңда оқу мен тәрбиелеуге қатысы бар тұлғаларға таныс ұғым. Музейлік педагогика термині 19-20 ғасырда Германия елінде пайда болған.

Музейлік педагогика музей әрекетінің білімдік, мәдени ерекшеліктерін, тарихын түрлі әдістер арқылы зерттейді. Бұл ғылым саласы педагогика мен психология, музейтану, өнер, өлкетану ғылымдарының бірлестігін қамтиды.

Балалық шақ–тұлғаның және оның адамгершілік өрісінің қалыптасуындағы жауапты кезеңі болып табылады. Патриоттық сезімнің негізі бала кезден қалыптасады.

Уақытында құрылған қолайлы педагогикалық орта тәрбиеленушілердің бойында отансүйгіштік пен азаматшылық негіздерін тәрбиелеуге жағдай жасайды. Балаларды патриоттыққа тәрбиелеу бағытында түрлі әдіс-тәсілдер: топсеруендер, ұйымдастырылған оқу қызметтері, саяхат сабақтар, жылжымалы көрмелер, шебер-сыныптар, дөңгелек үстелдер т.б. қолданылады[1].

Бөбекжай ұжымы ерекше дамытушылық ортаның қалыптасуына жағдай жасауда. Бала тілінің дамуы оның ақыл – ой қорына байланысты болып табылады, баланың ақыл – ой тәрбиесімен қатар адамгершілік –патриоттық, әлеуметтік тәрбиесі қатар дамуы қажет.

Біздің ойымызша, музейлік педагогика мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік, рухани тұрғыдан кешенді дамытады.

Жоспарлы түрде балалармен бірге музейге бару нақты оқу, тәрбие, дамытушылық мақсаттарға ие.

Балаларға музейлік тәрбие беруде заттарды топтастырып жинауға, коллекция жасауға үйрету мақсатында «Ойыншықтар музейі» атты ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті өткізілді. Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балаларға ойыншықтар туралы мағлұмат беріліп, ойыншықты күтіп ұстай білуге үйретіп, балалардың ойыншықтар топтамасын жинауға қызығушылығын арттыру, ұқыптылыққа баулу, эстетикалық талғамын кеңейтіп әдемілікке тәрбиелеу бағытында жұмыстар жүргізілді. Топтамалар жинауға ата-аналар да тартылды. Атқарылған жұмыс коллекция жасаудың баланы ұқыптылыққа, шыдамдылыққа баулитынын, материалмен жұмыстану әуесқойлық пен танымдық белсенділігін дамытатынын, ғылым мен өндірістің кез-келген саласындағы зерттеушілік жұмыс үшін қажетті қасиеттерді тәрбиелейтінін көрсетті. Балалар шын көңілмен экскурсоводтар рөлінде өздері жинаған түрлі тақырыптағы топтамаларды таныстырды[2].

Бәрінен бұрын мұрайжай тәрбиесінің үш бірлігі, бұл мұражайға баруға түбегейлі даярлық алғышарт болуы тиіс, ал ол аяқталғаннан кейін алған білімдер мен әсерлерді бекіту, аяқталушы кезең қолдан жасалған, яғни шығармашылық қабілеттерін практикалық қызметте (илеу, суретін салу, ойын, этюд) бекітеді дегенді білдіреді.

Бөбекжайда музейлік педагогика аясында шағын музейлік бұрыштар жасақталуда. Бөбекжайда шағын музейлік бұрыштарды жасақтау өзекті және тиімді болып табылады. Қарапайым музейлерде бала тек пассивті пайымдаушы болса, ал мұнда ол – экспозицияны жасаушы бірлескен автор. Бұл жерде тек ол ғана емес оның ата –анасы да қатысып отырады.

Шағын музейдің мақсат-міндеттері:

- музейлік педагогиканың бағытын жүзеге асыру;
- бөбекжайдағы пәндік-дамытушылық ортаны дамыту;
- мектеп жасына дейінгі балаларда музей туралы түсінік қалыптастыру;
- дүниетанымын қалыптастыру;
- жобалау –зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру;
- шығармашылық, логикалық ойлауы мен қиялын дамыту.

Шағын музей – бұл бала мен тәрбиешінің және олардың ата –анасының бірлескен жұмыстарының нәтижесі. Шағын музейдегі экспонаттарды шартты түрде мынадай бөліктерге бөлуге болады:

- табиғи объектілер;
- географиялық карталар және атластар;
- табиғи материалдардан жасалған «экспонаттар»;
- шағын музей тақырыбымен байланысты «отбасылық коллекция».

Олар балаларға эксперимент жасауға, алынған білімді талдауға, шығармашылық қабілеттерді дамытуға, қарым-қатынас және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі әрекеті ойын болып табылады. Ойын арқылы бала әртүрлі жағдайларды модельдеу арқылы қоршаған ортаны

танып, қажет дағдыны игеріп, өз тәжірибесін жинақтайды. Мектеп жасына дейінгі кезеңде бала қиялы жақсы дамиды. Сондықтан бұл балаға сол кездегі тарихи уақытқа рухани тұрғыдан ене отырып, жинақталған тарихи-мәдени құндылықтарды игеруге мүмкіндік береді [3].

Біздер бірлескен жұмыс барысында байқағанымыз музейлік педагогика арқылы мектеп жасына дейінгі балалар музейлердің пайда болу тарихымен, түрлерімен, музейдегі мінез –құлық ережелерімен, жәдігер, экскурсовод, түсініктерімен танысып, іздеу-жинақтау әрекеті арқылы танымдық қызығушылықтарын арттырады.

Бұл бағытағы жұмыстарды жүйелі түрде түрлердіру арқылы балаларда «музейлік орта» туралы түсінік қалыптасады, музей мәдениеті туралы білімдері кеңейіп, музейлік педагогиканың түрлі формаларын кешенді ұйымдастыру арқылы жан –жақты дамыған тұлға қалыптастыртыруға болады.

Біртіндеп бала санасыда «уақыт» – «мәдениет» – «құндылық» - «Мен» түсініктері арасында байланыс орнайды. Тәрбиеленушілерде музей мәдениеті негізінің қалыптасқандығын мынадан дағдылар мен біліктіліктерден білуге болады:

- ✓ Қоршаған орта заттарынан мәдени-тарихи негізді көре білу;
- ✓ Музейге ерекше феномену ретінде тұрақты қызығушылық көрсету;
- ✓ Мәдени құндылықтарды түрлі формаларда эмоционалды қабылдау;
- ✓ Мәдени құндылықтармен қатынас жасау дағдысын игеру: музейде өзін ұстай алу, объектімен заттарға зейін салып қарау дағдысын игеру.
- ✓ Елге және мемлекетке деген қатынас бала кезден қалыптасады.

Сондықтан бөбекжайдың басты мақсаты патриоттық тәрбие беру болып табылады. Психологиялық – педагогикалық зерттеулер мектеп жасына дейінгі балалар үшін тарихтың, мәдениет пен өнердің кейбір жағдайлары егер қолжетімді етіп ұсынылатын болса, қызығушылық туғызып, білім көзі де қолжетімді болып табылатындығын көрсетіп отыр.

Музей баланың жалпы адамгершілік құндылықтарға, тарихқа, әлемге деген көзқарасын дамыта отырып, шығармашылық талғамын дамытады.

Мектеп жасына дейінгі ересек бала үшін қолданбалы өнер композициялары, архитектуралар қолжетімді болып табылады. Балалар қолданбалы өнер бұйымының әдемілігін қабылдап қана қоймай, оған эстетикалық баға бере алады. Бала дүниетанымын дамыту – педагогтын алдында тұрған күрделі міндет болып табылады. Дүниетанымның кендігі таным үдерісін жеңілдеті отырып, ойлау, қиял және әлемге деген шығармашылық қатынасты дамытады.

Музейлік педагогика бойынша балалармен жұмысты ұйымдастыруда балалардың жас тобын анықтау қажет. Төрт жастан бастап баламен жұмыс жасау тиімді болып табылады. Бұл жастан бастап көре білу, бақылай алу, талдау, көрген бойынша ойлану дағдысы қалыптасады. Бөбекжайдың оқу әрекетінің оқу кестесінен музейлік педагогика бойынша балаға ойлануға, армандауға, талдауға мүмкіндік беретін уақыт бөлінуі қажет. Педагог қоршаған ортадағы заттардың жасырын мағынасын түсіндіру үшін күрделі символдық тілді қолданбауы қажет. Әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі алдында үлкен дайындық жұмыстары жүргізілуі қажет. Оған: ойын, әңгіме, шағын көрмелер ұйымдастыру, қызықты әдебиеттерді жинақтау.

Ұйымдастырылған оқу қызметі өткізілгеннен кейін алынған ақпаратты бекіту үшін шағын шығармашылық жұмыс ұйымдастыруға болады. Бұл сурет, фото сурет, тақырып бойынша әңгіме, кітап, қолдан жасаған шығармашылық заттар т.б. болуы мүмкін.

Музейлік педагогика бойынша білім беру әрекетінің әдістемесі баланың эмоционалдық тұрғыдан дамуына, әлеуметтік бейімделуіне бағыттала отырып, балалардың бір –бірімен еркін қарым –қатынас жасауын, ойын еркін жеткізе алуы кездейді.

Біздер бірлескен жұмыс барысында байқағанымыз музейлік педагогика арқылы мектеп жасына дейінгі балалар музейлердің пайда болу тарихымен, түрлерімен,

музейдегі мінез –құлық ережелерімен, жәдігер, экскурсовод, түсініктерімен танысып, іздеу-жинақтау әрекеті арқылы танымдық қызығушылықтарын арттырады[4].

Музейлік педагогика бойынша білім беру әрекетінің әдістемесі баланың эмоционалдың тұрғыдан дамуына, әлеуметтік бейімделуіне бағыттала отырып, балалардың бір –бірімен еркін қарым –қатынас жасауын, ойын еркін жеткізе алуды көздейді.

Әдебиеттер

1. Рыжова Н.А., Логинова Л.В. Данюкова А.И. Мини-музей в детском саду. — М.: Линка-Пресс, 2008.
2. Рыжова Н.А. Экологически проект «Мое дерево». — М.: Карапуз-дидактика, 2006.
3. Орлова А.А. От коллекции к музею. Фотосессия и методические материалы на DVD. — М.: Обруч, 2008.
4. Еркинова Н.А. Путешествие по мини-музеям детского сада. Учебный видеофильм и методические рекомендации на DVD. — А.: Обруч, 2008.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫН ЖАҢҒЫРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

ОРГАНИЗАЦИЯ И СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ КАМЕРАЛЬНОГО НАЛОГОВОГО КОНТРОЛЯ В РК

Суханбердина Б.Б
Какиева А.Н
(Казахстан, Уральск)

В целях улучшения налогового и таможенного администрирования, создания благоприятных условий для развития предпринимательства, а также снижения административных рычагов воздействия со стороны государственных органов в деятельность бизнес-структур на постоянной основе осуществляется налоговое и таможенное администрирование поступлений налогов и иных обязательных платежей в бюджет.

Как показывает практика, налогоплательщики заинтересованы в получении информации в части налогового контроля, так как необходимо знать свои права и обязанности согласно законодательству.

Налоговый контроль представляет собой комплексную и целенаправленную систему экономико-правовых действий компетентных органов государства, которая базируется на законодательстве в области налогообложения и направлена на сбор и анализ информации об исполнении налогоплательщиками обязанности по уплате налогов. Одной из форм налогового контроля и на сегодняшний день приоритетным направлением в области осуществления налогового администрирования является камеральный контроль, осуществляемый органами государственных доходов. В соответствии со статьей 94 Кодекса «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» Республики Казахстан (Кодекс) камеральным контролем является контроль, осуществляемый налоговыми органами на основе изучения и анализа представленной налогоплательщиком (налоговым агентом) налоговой отчетности, сведений уполномоченных государственных органов, а также других документов и сведений о деятельности налогоплательщика.

Камеральный контроль является составной частью системы управления рисками.

Целью камерального контроля является предоставление налогоплательщику права самостоятельного устранения нарушений, выявленных налоговыми органами по результатам камерального контроля, путем постановки на регистрационный учет в налоговых органах и (или) представления налоговой отчетности в соответствии со статьей 96 Кодекса и (или) уплаты налогов и платежей в бюджет. Также есть порядок и сроки проведения камерального контроля согласно статьи 95 Налогового Кодекса Республики Казахстан.

Камеральный контроль проводится путем сопоставления следующих данных, имеющихся в налоговых органах:

- 1) налоговой отчетности;
- 2) сведений иных государственных органов об объектах налогообложения и (или) объектах, связанных с налогообложением;
- 3) сведений, полученных из различных источников информации, по деятельности налогоплательщика;
- 4) иной отчетности, установленной Кодексом.

Камеральный контроль проводится за соответствующий налоговый период после истечения срока представления налоговой отчетности за такой период, установленного Кодексом.

Камеральный контроль осуществляется в течение срока исковой давности с учетом положений, установленных статьей 48 Кодекса. Результаты камерального контроля регламентируются согласно статьи 96 Налогового Кодекса.

В случае выявления нарушений по результатам камерального контроля оформляются: по нарушениям с высокой степенью риска - уведомление об устранении нарушений, выявленных налоговыми органами по результатам камерального контроля, с приложением описания выявленных нарушений; по нарушениям со средней степенью риска - извещение о нарушениях, выявленных по результатам камерального контроля, с приложением описания выявленных нарушений. Извещение о нарушениях, выявленных по результатам камерального контроля, направляется налогоплательщику (налоговому агенту) в срок, не позднее десяти рабочих дней со дня выявления нарушений в налоговой отчетности, для сведения. Форма извещения о нарушениях, выявленных по результатам камерального контроля, устанавливается уполномоченным органом. Положения данного пункта не распространяются на нарушения с незначительной степенью риска, выявленные по результатам камерального контроля, и учитываются в системе управления рисками.

Исполнение уведомления об устранении нарушений, выявленных налоговыми органами по результатам камерального контроля, осуществляется налогоплательщиком (налоговым агентом) в течение тридцати рабочих дней со дня, следующего за днем его вручения (получения).

Исполнением налогоплательщиком (налоговым агентом) уведомления об устранении нарушений, выявленных налоговыми органами по результатам камерального контроля, признается: 1) в случае согласия с указанными в уведомлении нарушениями - устранение выявленных нарушений налогоплательщиком (налоговым агентом) путем: постановки на регистрационный учет в налоговых органах; представления налоговой отчетности по уведомлению за налоговый период, к которому относятся выявленные нарушения; уплаты суммы налога на добавленную стоимость в бюджет, ранее возвращенной из бюджета по требованию налогоплательщика о возврате налога на добавленную стоимость, а также уплаты пени в размере, указанном в пункте 4 статьи 104 Кодекса, за каждый день с даты перечисления налогоплательщику таких сумм;

2) в случае несогласия с указанными в уведомлении нарушениями - представление налогоплательщиком (налоговым агентом) пояснения по выявленным нарушениям на бумажном или электронном носителе в налоговый орган, направивший уведомление об устранении нарушений, выявленных налоговыми органами по результатам камерального контроля.

В пояснении должны быть указаны: дата подписания пояснения налогоплательщиком (налоговым агентом); фамилия, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) либо полное наименование лица, представившего пояснение, его место жительства (место нахождения); идентификационный номер налогоплательщика (налогового агента); наименование налогового органа, направившего уведомление об устранении нарушений, выявленных налоговыми органами по результатам камерального контроля; номер и дата уведомления, на которое представляется пояснение; обстоятельства, являющиеся основаниями и доказательствами несогласия лица, представившего пояснение.

В случае, если в пояснении в качестве основания для несогласия лица, представившего пояснение, в качестве подтверждения доказательств указываются документы, то копии документов, указанных в пояснении, кроме налоговой отчетности, обязательно прилагаются к пояснению. Представление иных документов в рамках исполнения уведомления путем представления пояснения не требуется.

Налогоплательщик не вправе представлять пояснение по следующим нарушениям, выявленным налоговыми органами по результатам камерального

контроля: 1) при отнесении на вычеты расходов при исчислении корпоративного подоходного налога и в зачет суммы налога на добавленную стоимость по приобретенным товарам, работам, услугам: на основании счета-фактуры и (или) иного документа, действие (действия) по выписке которых признаны вступившим в законную силу судебным актом совершенным (совершенными) субъектом частного предпринимательства без фактического выполнения работ, оказания услуг, отгрузки товаров; по сделкам, признанным недействительными на основании вступившего в законную силу решения суда; 2) при отнесении на вычеты расходов при исчислении корпоративного подоходного налога по операциям, совершенным без фактического выполнения работ, оказания услуг, отгрузки товаров с налогоплательщиком, руководителем и (или) учредителем (участником) которого не причастен к регистрации (перерегистрации) и (или) осуществлению финансово-хозяйственной деятельности такого юридического лица, установленных решением суда, вступившим в законную силу; 3) при отнесении в зачет суммы налога на добавленную стоимость по приобретенным товарам, работам, услугам: по сделкам (операциям) с юридическими лицами и (или) индивидуальными предпринимателями, чья регистрация признана недействительной на основании вступившего в законную силу решения суда; по сделкам (операциям) с юридическими лицами, чья перерегистрация признана недействительной на основании вступившего в законную силу решения суда.

В случае признания уведомления не исполненным налоговый орган выносит письменное решение и направляет его налогоплательщику одним из следующих способов: 1) по почте заказным письмом с уведомлением; 2) вручает его налогоплательщику под роспись; 3) электронным способом в веб-приложение или в личный кабинет пользователя на веб-портале «электронного правительства».

При подаче жалобы на уведомление об устранении нарушений, выявленных налоговыми органами по результатам камерального контроля, в вышестоящий налоговый орган и (или) уполномоченный орган или суд, течение срока исполнения уведомления об устранении нарушений, выявленных налоговыми органами по результатам камерального контроля, приостанавливается: 1) со дня принятия жалобы вышестоящим налоговым органом и (или) уполномоченным органом - до вынесения письменного решения вышестоящего налогового органа и (или) уполномоченного органа; 2) со дня принятия судом жалобы (заявления) к производству - до вступления в законную силу судебного акта. При этом в случаях подачи жалобы в суд на действия (бездействие) должностных лиц налоговых органов по направлению уведомления об устранении нарушений, предусмотренных подпунктами 2) и 3) пункта 3 статьи, выявленных налоговыми органами по результатам камерального контроля, налогоплательщик вправе доказать фактическое получение товаров, работ, услуг от юридического лица и (или) индивидуального предпринимателя, регистрация (перерегистрация) которых признана недействительной на основании вступившего в законную силу решения суда.

Неисполнение в установленный срок уведомления об устранении нарушений, выявленных налоговыми органами по результатам камерального контроля, влечет приостановление расходных операций по банковским счетам налогоплательщика в соответствии со статьей 118 Кодекса.

По результатам камерального контроля, проводимого в соответствии с пунктом 6 статьи 59 и пунктом 7 статьи 66 Кодекса, налоговый орган составляет заключение по форме, установленной уполномоченным органом. При этом датой завершения камерального контроля является дата составления заключения, указанного в настоящем пункте.

За 1-ое полугодие 2018 года Управлением камерального контроля Департамента государственных доходов по Западно-Казахстанской области проведена отработка уведомлений по результатам автоматизированного и ручного камерального контроля по

корпоративному подоходному налогу (далее – КПН) выставлено 603 уведомлений и извещений, по результатам взыскано КПН всего в сумме 455,4 млн.тенге.

По уведомлениям, отработанным в 2018 году (23 уведомлений) по взаиморасчетам с налогоплательщиками, чья государственная регистрация признана недействительной, признанных лжепредприятиями, совершившие лжеделку взыскано в бюджет – 82,5 млн.тнг.

По результатам автоматизированного камерального контроля по НДС было выставлено налогоплательщикам 279 уведомлений. При этом по результате проведенных мероприятий поступило в бюджет – 806,1 млн.тенге.

Также, при анализе представленной налоговой отчетности установлены нарушения в части ИПН и социального налога, при этом в адрес налогоплательщиков направлены 935 уведомлений и извещений. В ходе отработки данных уведомлений было обеспечено поступление в бюджет на общую сумму 27,4 млн. тенге

Таким образом, контроль за соблюдением законодательства - это общая функция законодательства, которая распространяется на любые отрасли права. Как издавая правовые нормативные акты, так и осуществляя контроль за исполнением содержащихся в них предписаний, государство действует в качестве властвующего субъекта политической системы общества, равно заинтересованного в соблюдении своих установлений, независимо от того, какой сферы правового регулирования они касаются. Через этот контроль государство обеспечивает соблюдение режима законности и правопорядка в стране.

Деятельность органов государственных доходов в сфере налогового администрирования направлена на полное и своевременное обеспечение сбора налогов и сборов (платежей) в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан, а также обеспечения необходимого контроля в области допускаемых нарушений по налоговому законодательству.

На сегодняшний день налоговое администрирование Республики Казахстан вышло на новый этап своего развития: введен в действие налоговый кодекс, который значительно приближает действующую налоговую систему Казахстана к международным стандартам.

Одним из важнейших резервов увеличения налоговых поступлений это своевременное проведение налогового администрирования.

Положительным моментом в проведении камерального контроля для добросовестных налогоплательщиков, допустивших нарушения при предоставлении налоговой отчетности по невнимательности, либо ошибки носящей чисто механический характер, является то, что камеральный контроль позволяет налогоплательщику самостоятельно устранить допущенные нарушения в установленные законом сроки. Исходя из применяемого опыта, проведение камерального контроля на постоянной основе повышает налоговую дисциплину налогоплательщиков. Так же положительным моментом является то, что он носит заочный характер без непосредственного контактирования работника органа государственных доходов с проверяемым субъектом, осуществляется по месту нахождения уполномоченного органа и для его проведения должностным лицам не требуется какого-либо специального разрешения вышестоящего руководителя управления государственных доходов.

Так же для налогоплательщиков реализована возможность исполнения Уведомлений об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля путем представления электронного пояснения.

Литература

1 Сейдахметова Ф. С. Налоги в Казахстане. Сущность налогообложения и сравнение с действующим законодательством. Алматы 2017 г. – 160с Официальный сайт [Министерства финансов Республики Казахстан](#)

ҚАЗАҚСТАН БАНКТЕРІНДЕ ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ

Нурманова А.К
Кадрушева А.С
(Қазақстан, Орал)

Банк шоттарын Интернет арқылы тексеру интернет – банкинг жүйесінде ұсынылған банктік қызметтердің кең спектріне орай, қаржылық интернет – шешімдердің аса серпінді және маңызды бағыты болып табылады. On-line банктік қызмет көрсету жүйесінің классикалық нұсқасы клиенттерге – банк кеңсесіндегі жеке тұлғаларға ұсынылатын қаржылық қызметтің толық жинағынан тұрады [1].

Қазақстан банктерінде осындай сияқты электрондық технологияларды қолданудың өзіндік бір артықшылықтары мен кемшіліктері бар (кесте 1).

Кесте 1- Қазақстан банктерінде электронды технологияларды қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері:

Артықшылықтар	Кемшіліктер
Клиенттердің құжаттарын қабылдау мен өндеуге кететін уақытты үнемдейді	Жүйені құруға немесе сатып алуға, енгізуге және қызметкерлерді үйретуге шығын кетеді
Клиент құжаттарымен жұмыс істеуді және оларды әртүрлі анықтамалық ақпаратпен қамтамасыз етуді жеңілдетуге мүмкіндік береді	Қызмет көрсетуге шығын кетеді (оның ішінде көптеген клиенттерге қызмет көрсеткен кезде өтімділігі жоғары байланыс каналдары)
Клиенттер үшін бәсеке күресінде мықты фактор болып есептеледі.	
Клиенттермен жүйені қолданғаны үшін ақы алу түріндегі қосымша қаражаттар алуға мүмкіндік береді	
Үйден немесе кеңседен шықпай, шоттармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді	Кейде қосымша жабдықты және аса білікті компьютер тұтынушысын талап етеді.
Факс немесе телефонға қарағанда шоттар туралы ақпаратты қорғай алады	Электрондық құжаттармен жұмыс істеу үшін қызметкерлердің қайта оқытуға уақыт кетеді
Аумақтық жақындыққа қарамастан банк таңдау мүмкіндігі болады	

Кестеден көріп отырғанымыздай, банктерде электронды техникалық қолданудың кемшіліктеріне қарағанда артықшылықтары көбірек болып келеді. Сонымен қатар, жоғарыда кестеге мыналарды да қоса кетуге болады:

Қазіргі электрондық банкинг жүйесі мыналарға мүмкіндік береді:

- қолма-қолсыз валютаны сатып алуға және сатуға;
- коммуналдық қызметтерді төлеуге;
- Интернет үшін төлеуге;
- қолма-қолсыз төлемдер жүргізуге;
- банк ішінде шоттар бойынша қаражаттар аударуға;
- өз шоттары бойынша барлық банктік операцияларды қадағалауға [2].

Көптеген электрондық банкинг жүйесі sms –хаттар және электрондық пошта арқылы хабарландырудың және клиентпен кері байланыстың мықты жүйесін ұсынады. Бұл әсіресе пластикалық карталар иелері үшін өте маңызды.

Электрондық банкингтің тағы бір артықшылығы клиенттерге тәулік бойы қызмет көрсету, кез келген уақытта ақпарат алу мүмкіндігі болып табылады. Сонымен қатар айта кету керек, қазіргі бәсеке нарығында қазақстандық банктер он-лайн қызмет көрсетуге көптеген клиенттер тарту мақсатымен қосылуды тегін немесе өте аз сома алады. Мысалы, кейбір қазақстандық банктер Visa немесе Mastercard, виза немесе алтын карталарының иелеріне Интернет арқылы карточка қалдықтарын қарау үшін виртуалды сервиске, картамен байланысты sms – хабарландыруды алуға және басқа қызметтерге тегін қосылуды ұсынады [3].

Алайда, жоғарыда аталған артықшылықтарға қарамастан, электрондық банкинг Қазақстанда әлі де болса, аса танымал емес, себебі банк клиенттері оның қорғауына сенім білдірмейді. Бұл алдымен компьютерлік желідегі ақпарат санкцияланбаған қолдану үшін оңай қол жетімді деген пікірлердің таралуымен байланысты. Бірақ отандық электрондық банкингтің дамуына нағыз кедергі келтіретін тұрғындардың менталитеті. Отандық қолданушылардың көбісі банк шоттарын Интернет немесе SMS – сервис арқылы қашықтықтан қол жеткізу – бұл қауіпті емес деп есептейді [4].

Жүйенің қауіпсіздігі – негізінен көбінесе банктің өзіне байланысты болады. Алайда, қауіпсіздік негіздері бағдарламалық кешеннің өзінде орналасқан. Көптеген банктер құпия сөздерді қолданады, олар тұтынушылардың өздерімен өзгертілуі мүмкін, бірақ бұл жүйенің қауіпсіздігін біршама төмендетеді.

Сонымен қатар, on-line банкингті таратуда провайдарлер мен байланыс операторларына деген сенімділік те маңызды рөл атқарады. Онымен қоса, тұтынушылар жиірек мәліметтерді беру желісінің сапасымен қанағаттанбай да қалады. Бірақ, озық технологиялардың, сымсыз технологиялардың қарқынды дамуы соншалықты, тіпті олар әлсіз модемді қолданумен немесе ескірген АТС туындаған көптеген мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Ұялы телефондарың тез таралуы мобильдік қаржылық қызметтерінің таралуына да ынталандырады.

